

ЖАРИЯ ШАРТ

Осы Жария шарт (**бұдан әрі – Шарт**) Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі 24.08.1998 ж. берген “Қазақстан Республикасының аумағында GSM стандарты ұялы байланыс қызметтерін ұсыну бойынша кәсіпкерлік қызметпен айналысуға арналған” МТК №ДС0000317 (**бұдан әрі – Лицензия**) Қазақстан Республикасының мемлекеттік лицензиясы негізінде әрекет ететін, бұдан әрі “**Оператор**” деп аталатын, осы Шартқа қосылған тұлға “Кар-Тел” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұялы байланыс қызметтерін және олармен байланысты басқа да қызметтерді көрсету шарттарын айқындайды.

1. Осы Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) **Абонент** - осы Шарт жасалған жеке немесе заңды тұлға;

2) **Абоненттік төлем** - нақты тұтынылған Қызмет көлеміне байланысты емес, белгілі бір уақыт кезеңі үшін Абоненттің төлеуге міндетті белгіленген төлем мөлшері;

3) **Абоненттік нөмір** - осы Шартты жасасу кезінде Абонентке бөлінетін және онымен басқа Абоненттік құрылғылар қосылған кезде Оператордың желісіне қосылған ұялы байланыстың Абоненттік құрылғысын сәйкестендіретін телефон нөмірі;

4) **Ұялы байланыстың Абоненттік құрылғысы** - Абонент берген ақпаратты беру немесе қабылдау үшін электр байланысы сигналдарын қалыптастыратын және Оператордың желісіне қосылатын жеке пайдаланылатын байланыс құралы;

5) **Машинааралық өзара іс-қимылдың Абоненттік құрылғылары** - машиналарға бір-бірімен ақпарат алмасуға не оны бір жақты тәртіппен беруге және қабылдауға мүмкіндік беретін технологияны қолдануға арналған Абоненттік құрылғылар;

6) **Автоматты қызмет көрсету жүйесі** – абонентке байланыс қызметтерін және олармен технологиялық байланысты қызметтерді, тарифтік жоспарды жеке кабинет арқылы (SMS-, MMS - немесе USSD-сұрау жіберу арқылы) не Оператор ұсынатын техникалық мүмкіндіктерді пайдалану арқылы қосу немесе ажырату мүмкіндігін беретін кешенді қызмет көрсету жүйесі;

7) **Тариф жоспарын архивтеу** – тариф жоспарын архивтік қорға көшіргеннен күннен бұрын осы Тариф жоспарын алған Абоненттердің архивті тариф жоспарын пайдалану мүмкіндігін сақталумен архивтік базасына тариф жоспарын көшіру;

8) **Банк** – Абонент банктік қызмет көрсету шартын жасасқан Simply/Симпли төлем картасының Эмитенті болып табылатын Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі;

9) **Абоненттің банк шоты** - банктің ақпараттық жүйесінде Simply/Симпли төлем карточкасын ұстаушы ретінде абоненттің атына ашылған ағымдағы шот;

10) **Ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының сәйкестендіру коды** - дайындаушы зауыт ұялы байланыстың Абоненттік құрылғысына беретін, оған осы құрылғы қосылған кезде байланыс Операторының желісіне берілетін код;

11) **Абоненттің өтініші** - Абоненттің Операторға жазбаша түрде, сондай-ақ автоматты қызмет көрсету жүйесі арқылы немесе Оператордың анықтамалық-ақпараттық қызметіне, оның ішінде көпфакторлы аутентификацияны пайдалану арқылы жүгінуі;

12) **Абонентті сәйкестендіру картасы** - Абонентті сәйкестендіретін және Оператордың қызметтеріне (Sim/R-UIM-, USIM-, eSim-карта) Абоненттің қосылуын қамтамасыз ететін Абоненттік құрылғының бөлігі болып табылатын жеке қол жеткізуді сәйкестендіретін микропроцессорлық модулі (алынбалы немесе кіріктірілген);

13) **Экспресс төлем картасы** - Оператор немесе Оператордың ресми серіктестері шығаратын, Оператор ұсынатын және Абонент таңдаған номинал мөлшерде Қызметтерді алу мүмкіндігін көздейтін, Оператордың желісіне Абоненттің жеке қолжетімділік коды бар ақпаратты цифрлық емес жеткізгіш. Сатып алу тәртібі туралы, экспресс төлем картасын пайдалану немесе іске қосу шарттары туралы ақпарат Оператордың сайтында, сондай-ақ, егер қарастырылған болса, Оператордың серіктестерінде немесе экспресс төлем картасының өзінде жарияланады;

14) **Қысқа мәтінді хабарлама (SMS, USSD)** – Оператор ұялы байланыс желісі арқылы ақпаратты қабылдау және беру бойынша көрсететін қызмет;

15) **Жеке кабинет** – Оператордың интернет ресурсында немесе Абоненттік құрылғыдағы мобильді қосымшада өзіне-өзі қызмет көрсетудің, қызметтерді бақылау мен басқарудың, сондай-

ақ Абонент және (немесе) Пайдаланушы деректерді (абоненттік нөмір, кілт сөз, құпия сөзі және (немесе) өзге де деректер) енгізу арқылы қол жеткізетін заңды маңызы бар әрекеттерді жасаудың автоматты интерфейсі бар көп факторлы аутентификацияны қоса алғанда) Абоненттің дербес бөлімі;

16) **Дербес шот** - Оператордың биллинг жүйесіндегі аналитикалық есепке алу тіркеушісі, ол Абонентпен жасалған шартқа сәйкес Қызметтерге ақы төлеу мақсатында кез келген қолжетімді төлем тәсілдері арқылы енгізілген қаражаттың түсуі мен жұмсалуды, сондай-ақ көрсетілген Қызметтердің көлемін, Оператордың Қызметтерін пайдалануды қоса алғанда, есепке алу үшін арналған;

17) **Лимит** - ұялы байланыс қызметтерін тұтынудың шекті көлемі (ақшалай немесе сандық мән), оған жеткенде Оператор Абоненттің Дербес шоты толықтырылғанға дейін немесе Лимит параметрлері өзгертілгенге дейін ұялы байланыс қызметтерін көрсетуді тоқтата тұруға, шектеуге немесе олардың шарттарын өзгертуге құқылы;

18) **Beeline мобильді қаржы сервистері** - Абоненттің азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша төлемдерді жүзеге асыруы және Электронды ақшаны пайдалана отырып, өзге операцияларды жүргізу мақсатында, өзінің ақпараттық жүйесіне қолжетімділікті ұсыну және Абоненттің электронды әмиянын оның нұсқауы негізінде толықтыру бойынша Оператордың қызметтері;

19) **ХЭБО (Халықаралық Электр Байланысы Одағы)** - техникалық стандарттарды әзірлейтін және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы ұсынымдарды айқындайтын Біріккен Ұлттар Ұйымының мамандандырылған мекемесі;

20) **Абоненттің дербес деректерін өңдеу** – Абонент - жеке тұлғаның дербес деректерін жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға және жоюға бағытталған іс-әрекеттер;

21) **Серіктестер** - Оператормен жасалған шарттар негізінде, оның ішінде Оператордың жұмыс процестеріне қызмет көрсету үшін кез келген қызметті сапалы көрсету немесе ілгерілету мақсатында Оператор тартатын тұлғалар, сондай-ақ Банк пен электронды ақша жүйесінің Операторын қоса алғанда, Оператор желісі арқылы Абоненттерге қызмет көрсететін провайдерлер;

22) **Абоненттік нөмірді көшіру** - Абонентке басқа ұялы байланыс операторымен ұялы байланыс қызметтерін көрсету туралы жаңа шарт жасасу кезінде ұсынылатын ұялы байланыс желілеріндегі абоненттік нөмірді сақтау және пайдалану бойынша қызмет;

23) **Абоненттің дербес деректері** – электронды, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген, жеке тұлғаға қатысты мәліметтер. Мұндай мәліметтердің тізбесін Оператор бекітеді және Сайтта жариялайды;

24) **Оператордың өкілі** (агент, дилер, дистрибьютор, сондай-ақ олардың субагенттері мен өкілдері) - сенімхат не Оператормен жасалған тиісті шарт негізінде келесілерді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген заңды немесе жеке тұлға:

- Абоненттің абоненттік нөмірлері мен сәйкестендіру карталарын тарату; және (немесе)
- Оператор атынан Ұялы байланыс қызметтерін көрсетуге шарттар жасасу; және (немесе)
- Абоненттерге Оператордың қызметтерін ұсыну (төлемдерді қабылдау, SIM/R-UIM-карталарын ауыстыру және т.б.);

25) **Есеп айырысу кезеңі**- Есепті кезең аяқталғаннан кейінгі күнтізбелік отыз күн, оның ішінде Абонент осы Шарт бойынша Оператор көрсеткен қызметтерге есеп айырысудың кредиттік тәртібі бойынша ақы төлейді;

26) **Тіркеу нысаны**- қол қою арқылы Абонент осы Шартқа қосылатын, Абонент туралы мәліметтерді, Абоненттік нөмір туралы ақпаратты және қосылу сәтіндегі өзге де мәліметтерді қамтитын формуляр;

27) **Роуминг** - Оператордың басқа ұялы байланыс операторларымен арасындағы роумингтік келісім негізінде Оператордың басқа елдегі ұялы байланыс операторының желісінде абонентке ұялы байланыс қызметтерін ұсынуы. Роумингті жүзеге асыру үшін басқа елдегі Абоненттік құрылғы мен байланыс операторының желісінің техникалық үйлесімділігі қажет;

28) **Оператордың сайты** - интернет желісіндегі Оператордың ақпараттық ресурсы, мекенжайы: www.beeline.kz;

29) **Тариф жоспарының жарамдылық мерзімі** – тариф жоспары жарамды Оператор белгілеген уақыт кезеңі және ол мерзім өткенде осы Тариф жоспарының жарамдылығы Оператор ұзартпаса, автоматты түрде тоқтатылады;

30) **Тариф жоспары шарттарының жарамдылық мерзімі** бұл Оператор белгілеген уақыт кезеңі, оның барысында тариф жоспарының шарттары қолданылады. Аталған мерзім аяқталғаннан кейін, егер Оператор оны ұзартпаса, осы тариф жоспарының Абоненттері автоматты түрде тариф жоспары аясында белгіленген өзге шарттарға немесе басқа тариф жоспарына ауыстырылады;

31) **Тариф жоспары** - Оператор Абоненттерге немесе Абоненттердің белгілі бір тобына немесе белгілі бір шектеулі аумаққа белгілейтін байланыс қызметтерінің тізбесі мен құнын, оларды ұсыну және тарифтеу ерекшеліктерін айқындайтын тарифтік ұсыныстар жүйесі;

32) **Оператордың хабарламасы** - қызмет көрсету жөнінде Абонентке жіберілетін Оператордың жазбаша, дауыстық немесе мәтінді (Оператордың қаражатын және/немесе бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып) хабарламасы;

33) **Тариф жоспарын ықшамдау** – Оператордың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тариф жоспарының тоқтатылуы;

34) **Есепті кезең** - тариф жоспарына қарай Қызметтер көрсетілген және ескерілген күнтізбелік ай;

35) **Қызметтер** - ұялы байланыстың негізгі және қосымша қызметтерден тұратын өзіндік (жеке) байланыс қызметтері, сондай-ақ Оператор Абонентке ұсынатын өзге де қызметтер/сервистер, оның ішінде Beeline Мобильді қаржылық қызметтері;

36) **Интернет желісіне қол жеткізу қызметі** - интернет желісін пайдалана отырып, деректерді қабылдау және беру қызметі.

Осы Шартта Қазақстан Республикасының ұялы байланыс қызметтерін көрсету туралы заңнамасында қарастырылған басқа да ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады.

2. Шарттың мәні және жалпы ережелер

2.1. Осы Шарт бойынша Оператор Абонентке Қызметтер көрсетеді, ал Абонент Оператор көрсететін Қызметтерге осы Шартта көзделген тәртіппен ақы төлейді.

2.2. Оператор Абонентке Абоненттік нөмір мен SIM-карта береді. Оператор ұялы байланыстың Абоненттік құрылғысы мен Оператордың техникалық мүмкіндігіне сүйене отырып, Абонентке ұялы байланыстың Абоненттік құрылғысына QR кодын (eSim) беру, жеткізу немесе жүктеу арқылы SIM-картаны алу мүмкіндігін береді;

2.3. Оператор Абонентке келесі негізгі қызметтерді көрсетеді:

- шұғыл қоңырауларды қоса алғанда, дауыстық байланыс қызметтері;
- қысқа мәтінді хабарламаларды жіберу қызметтері.

2.4. Тізбесін ұялы байланыс желісінің техникалық мүмкіндіктеріне байланысты Оператор айқындайтын қосымша және өзге де қызметтер / сервистер, оның ішінде Beeline мобильді қаржы сервисі Абоненттің Өтініші бойынша немесе Абоненттің Автоматты қызмет көрсету жүйесін пайдалануы арқылы ұсынылады.

Beeline мобильді қаржы сервисін ұсыну тәртібі мен шарттары осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Оператордың ақпараттық жүйесін пайдалану және Beeline мобильді қаржы сервисін ұсыну қағидаларымен (№1 қосымша) айқындалады.

Оператор қызметтерінің тізбесі толық болып табылмайды және Оператор оны толықтыруы мүмкін.

2.5. Тарифтік жоспар, Қызметтер тізбесі, оның ішінде осы Шарт бойынша Оператор көрсететін акциялар туралы ақпарат Оператордың сайтында, Оператордың және (немесе) Оператор өкілдерінің және (немесе) үшінші тұлғалардың сату және қызмет көрсету кеңселерінде жарияланады және (немесе) Оператордың қызметтері туралы қысқа мәтінді хабарламалар жіберу арқылы және (немесе) жарнамалық материалдарда хабарланады және (немесе) Оператордың ақпараттық-анықтамалық қызметі ұсынады. Бұл ретте Абонент Тарифтік жоспарды іске қоса отырып, Оператордың қосымша қызметіне, оның ішінде ақылы ақпараттық-анықтамалық

қызметке тапсырыс бере отырып, оларды ұсыну, тарифтеу шарттарын қабылдайды және оларды алуға, қосуға және төлеуге өз келісімін білдіреді.

Абонент кейбір Тарифтік жоспарлар және/немесе Қызметтер белгілі бір шектеулі мерзім ішінде әрекет етуі және осындай Тарифтік жоспарларды және/немесе Қызметтерді қабылдауы мүмкін екендігімен келіседі, сондай-ақ Абонент олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қолданылатын Оператор көздеген қағидалармен, сондай-ақ Оператор белгілеген тиісті Тарифтік жоспарлар және/немесе Қызметтер үшін қолданылу мерзімдерін есептеу қағидаларымен келіседі. Бұл ретте Оператор көздеген өзге арнайы есептеу ережелері немесе қолданылу мерзімдерін аяқтау болмаған кезде кез келген осындай мерзімдер Қазақстан Республикасы, Астана қаласының уақыты бойынша есептеледі, ал күндермен, апталармен немесе айлармен айқындалған қолданылу мерзімі тиісті тәулік аяқталғанға дейін қалған уақытқа қарамастан бірінші күн болып саналатын Тарифтік жоспарды және/немесе Қызметті іске қосу күнін қамтиды.

2.6. Осы Шарт жария шарт болып табылады, осы Шарттың талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасына және Лицензияға сәйкес әзірленді және Оператор оны дербес белгілейді. Абонент осы Шарттың талаптарын оларға жалпы қосылу жолымен, тіркеу нысанына қол қою арқылы, Оператордың сайты арқылы электронды нысанда немесе қысқа мәтіндік хабарлама, немесе Оператор жіберген офертаны қабылдау арқылы немесе Оператор немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған өзге де тәсілмен қабылдай алады. Бұл ретте, Абоненттің Қызметтерді пайдалануды бастау, оның Шарт талаптарын сөзсіз қабылдауы және Шартпен келісуді білдіреді.

2.7. Абоненттің осы Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта белгіленген тәртіппен басқа тұлғаларға берілуі мүмкін. Оператор өз қызметін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Өкілдерді, Серіктестерді және/немесе үшінші тұлғаларды тартуға құқылы.

2.8. Абонент Шартқа қосылған сәттен бастап, Оператор Абоненттің дербес деректерін жинайды, өңдейді, Оператордың Сайтында жарияланған Абоненттердің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және қорғауға қатысты “КаР-Тел” ЖШС саясатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асырады.

Абонент осы Шартқа қосыла отырып, өзінің келісімін білдіреді және Оператордың Абоненттің дербес деректерін жинауына, өңдеуіне, және жинауға, өңдеуге, қорғауға қатысты «КаР-Тел» ЖШС саясатында көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асыру үшін үшінші тұлғаларды, оның ішінде Серіктестерді және (немесе) Өкілдерді тартуға құқылы екеніне, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдардың, соттардың талаптары, сұрау салулары және өзге де өтініштері бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа жағдайларда Абоненттің Дербес деректерін ұсынуға құқылы екеніне қарсы емес.

Абоненттің Дербес деректерін Жинауға және өңдеуге Абоненттің келісімін кері қайтарып алу Абоненттің Өтініші бойынша жүргізіледі. Қызмет көрсету мүмкіндігі Операторда Абоненттің Дербес деректерінің болуына байланысты болады және келісім кері қайтарылған жағдайда, тиісті Қызметтерді ұсыну кері қайтарылған келісімге байланысты толық немесе ішінара тоқтатылады.

2.8.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, құқық қорғау органдарынан және/немесе Қазақстан Республикасының өзге уәкілетті мемлекеттік органдарының жүгінулерін алған жағдайларда, Оператор Абоненттен абоненттік нөмірлердің пайдаланушылары туралы деректерді сұрауға құқылы.

Абонент сұралған деректерді ұсынбаған жағдайда, Оператор Абонентке тиісті хабарландыруды жолдап, біржақты соттан тыс тәртіпте Шартты толық немесе бір бөлігін орындаудан бас тартуға құқылы. Абонент көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап Шарт үзілген деп саналады. Бұл ретте, Абонент Шартты үзген күнге нақты көрсетілген Қызметтерге төлем жасауға міндеттенеді.

2.9. Осы Шартқа қосылу арқылы Абонент өз келісімін білдіреді және Оператор осы Шартты орындау үшін Абонент туралы ақпаратты және осы Шарттың талаптарын, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе осы Шарттың талаптарында өзге көзделмесе Оператордың аффилиирленген тұлғаларына және үшінші тұлғаларға, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, жұмыскерлерге, директорларға, мердігерлерге, қызмет провайдерлеріне,

бағдарламалық қамтамасыз ету және ІТ жүйелерінің қызмет көрсетушілеріне, кәсіби кеңесшілерге, ашуға құқығы бар екеніне қарсылық білдірмейді.

2.10. Ұялы байланыс Қызметтерінің сапалық көрсеткіштері Оператор қызмет көрсететін аймақта Оператор ұсынатын ұялы байланыс қызметтерінің сапа көрсеткіштері Қазақстан Республикасында қолданыстағы стандарттарына, техникалық нормаларына және Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген байланыс қызметтерінің сапа көрсеткіштеріне сәйкес келеді

2.11. Интернет желісіне қол жеткізу Қызметтерінің сапалық көрсеткіштері (деректерді беру желісінде деректерді өткізу жылдамдығы, ақпарат пакеттерінің жоғалуы, ақпарат пакеттерін беру кезінде уақытша кідірістер, ақпаратты берудің дұрыстығы) Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын МӘС ұсынымдарына сәйкес келеді.

2.12. Радиотолқындардың таралуының табиғи жағдайларына байланысты көрсетілетін Қызметтердің сапасы қолайсыз метеорологиялық жағдайлардың, топографиялық кедергілердің (жер үсті және жер асты тұрғын және тұрғын емес құрылыстардың, ғимараттардың, құрылыстардың жанында, сондай-ақ олардың бедері мен құрылысының ішінде), энергия көздерінің жанында, туннельдерде, жертөлелерде, техногендік сипаттағы себептерден, радиосигналды бұғаттауға арналған арнайы техникалық жабдықтың әсерінен, желіге аномальді жүктеменің (мереке күндері, жаппай іс-шаралар, техногендік оқиғалар) салдарынан нашарлауы, үзілуі, кедергілермен қоса жүруі немесе болмауы, сондай-ақ Оператордың қызметіне байланысты емес өзге де себептер ескерілмейді. Көрсетілген себептер салдарынан Қызметтердің нашарлауы немесе болмауы Оператордың өз міндеттемелерін тиісінше орындамау факті болып табылмайды.

2.13. Абонентке ұсынылатын Қызмет ұялы байланыс желісінің құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты басқа байланыс операторларының, провайдерлердің және пайдаланушылардың, оның ішінде Оператордың құзыретінен тыс Абоненттер жабдықтарының сапасына байланысты.

2.14. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұялы байланыс операторына Қазақстан Республикасының аумағында роумингте орналасқан не машинааралық өзара іс-қимыл жасауға арналған ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларын қоспағанда, ұялы байланыстың абоненттік құрылғылары сәйкестендіру кодтарының дерекқорына мәліметтері енгізілмеген не ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларының сәйкестендіру кодтарының дерекқорына енгізілген мәліметтерге сәйкес келмейтін ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы бойынша ұялы байланыс қызметтерін ұсынуға тыйым салынады. Ұялы байланыс қызметтері Қазақстан Республикасының ұялы байланыс желілерінде абоненттік құрылғыны заңды пайдалануын растайтын сәйкестендіру коды туралы мәліметтері ұялы байланыс абоненттік құрылғыларының дерекқорында жоқ абоненттік құрылғы арқылы көрсетілмейді.

3. Оператордың құқықтары мен міндеттері

3.1. Оператор міндетті:

1) осы Шарттың қолданылу кезеңінде Абонентке Абоненттік нөмірді пайдалануға беруге, Абоненттің ұялы байланысының Абоненттік құрылғысын Оператордың желісіне қосуға және Шарт бойынша өзі тапсырыс берген тізбе мен көлемге сәйкес Қызметтер көрсетуге;

2) тәулік бойы режимде көрсетілетін Қызметтер мәселелері бойынша Абонентке консультация беруді ұйымдастыруға және Абоненттің сұратуы бойынша Қысқа мәтінді хабарлама арқылы немесе Автоматты қызмет көрсету жүйесі арқылы дербес шоттың жай-күйі туралы хабарлауға;

3) Абонентке ағымдағы есепті кезеңдегі жеке шоттың жай-күйі туралы, оның ішінде Қызметті пайдалану уақыты, олардың ұзақтығы мен құны туралы, байланыстың басқа пайдаланушыларымен барлық қосылу туралы, Абонент жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде Оператордың сату және қызмет көрсету кеңсесіне тиісті жазбаша өтінішпен келген кезде, сондай-ақ Оператор айқындайтын және Абонент қабылдаған өзге де тәсілмен тегін есептік ақпарат беруге;

4) Абоненттің дербес шотындағы қаражат мөлшеріне байланысты Абонентке ұсынылатын қызметтер көлемін шектеуге;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен төтенше жағдайлар жөніндегі қысқа мәтінді хабарларды таратуға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді атқаруға.

3.2. Оператор құқылы:

1) Оператордың Сайтында тиісті ақпаратты жариялай отырып немесе қысқа мәтіндік хабарламалар жіберу жолымен осы Шарттың талаптарына өзгерістер немесе толықтырулар енгізуге; Осы Шарттың талаптарына өзгерістер немесе толықтырулар Абонент жариялаған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өткеннен кейін немесе Оператор осы Шартқа өзгерістер немесе толықтырулар енгізу туралы Абонентті хабардар еткен жағдайда, Оператор осы Шарттың 9.2-тармағына сәйкес жазбаша бас тартуды алмаған жағдайда, қабылданған және келісілген болып саналады;

2) тариф жоспарларын қалыптастыру, оларға енгізілетін негізгі және қосымша ұялы байланыс қызметтері мен олардың тарифтерін, пайдалану шарттарын, тариф жоспарының қолданылу мерзімін, тариф жоспары шарттарының қолданылу мерзімін, абоненттік төлемді алу мерзімділігін, енгізілген қызметтердің көлемін өз бетінше айқындау, сондай-ақ тариф жоспарды мұрағаттау және тариф жоспарды жою құқығына ие болу;

3) өзгерістер қолданысқа енгізілерден күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын Абонентке қысқа мәтінді хабарламалар жіберу жолымен және қажет болған жағдайда Операторға қолжетімді өзге тәсілмен алдын ала хабарлай отырып, тарифті өзгертуге. Заңды тұлға болып табылатын Абонентпен жасалған шартта тарифтің өзгеретіні туралы хабарлаудың басқа тәсілі айқындалуы мүмкін;

3-1) Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, тариф жоспарының/қызметтердің құнына әсер ететін салық мөлшерлемелерін, алымдарды және/немесе өзге де міндетті төлемдерді енгізу/өзгерту кезінде, Оператор бұл туралы Абонентке өзгерістер күшіне енгенге дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын қысқа мәтіндік хабарламалар жіберу арқылы және қажет болған жағдайда Операторға қолжетімді басқа тәсілмен алдын ала хабарлаумен белгілеген тарифті, оның ішінде тариф жоспарының/Қызметтердің шарттары қолданылу мерзімі ішінде де қайта қарауға. Көрсетілген жағдайларда тарифті қайта қарау Шарт талаптарын өзгерту болып табылмайды.

4) Оператордың Қызметтерінің шарттарына өзгерістер немесе толықтырулар енгізуге немесе оларды біржақты тәртіппен жоюға; Бұл ретте, Оператор қысқа мәтінді хабарламалар жіберу арқылы және (немесе) басқа жалпыға қолжетімді тәсілмен (оның ішінде: ақпаратты Оператордың Сайтында және (немесе) Оператордың және (немесе) Серіктестердің және (немесе) Оператордың өкілдерін және (немесе) Шартта көзделген өзге де тәсілмен жариялау арқылы) күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын (белгілі бір қолданылу мерзімі бар немесе Қызметтерді көрсету талаптарын нашарлатпайтын өзгерістерді қоспағанда) Абонентке алдын ала хабарлайды;

5) Қызметті жойған кезде, егер Абонентке Қызметті жою туралы хабарлаған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде (мерзімі шектелген Қызметтерден басқа), Абонент басқа Қызметке ауыспаса, не осы Шарттың 9.2-тармағына сәйкес шартты үзбесе, Абонентті өз қалауы бойынша басқа Қызметке ауыстыруға;

6) Абонент осы Шарттың талаптарын бұзған жағдайда, оның ішінде Абонент осы Шарттың 4.3-тармағын бұзған жағдайда, бұзушылықтар толық жойылғанға дейін тұтастай немесе бір бөлігінде Қызметтер көрсетуді тоқтата тұруға. Бұзушылықтар жойылмаған жағдайда, Оператор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес байланыс желісіне қолжетімділікті тоқтатады және осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы;

7) Абонент алынған Қызметтерге ақы төлеу жөніндегі осы Шарттың талаптарын бұзған жағдайда, оның бірнеше Абоненттік нөмірі болған кезде, бір Абоненттік нөмір бойынша көрсетілетін Қызметтерге ақы төлеуге алынған ақшаны басқа Абоненттік нөмірлер немесе көрсетілетін Қызметтер бойынша берешекті өтеу есебіне есептеуіне, ал Абоненттің Дербес шоттарында жеткілікті қаражат болмаған жағдайда, барлық Абоненттік нөмір бойынша көрсетілетін Қызметтерді ұсынуды күнтізбелік үш күн бұрын Абонентке алдын ала хабарлай отырып, тоқтата тұруға;

8) қосымша қызметтерді көрсету кезінде бұл туралы Абонентке жалпыға қолжетімді тәсілмен хабарлай отырып (оның ішінде: қысқа мәтінді хабарламалар жіберу арқылы және

(немесе) Оператордың Сайтында және (немесе) Оператордың сату және қызмет көрсету кеңселерінде және (немесе) Оператордың Серіктестерінде және (немесе) оның өкілдерінде ақпаратты жариялау арқылы), осындай қызметтерді көрсету шарттарын бекітуге;

9) алған Қызметтер үшін Абоненттің берешегі болған кезде берешекті өндіріп алуға тартуға, үшінші тұлғаларға беруге немесе сатуға, бұл ретте Абонент Оператордың осы Шарт шеңберінде алынған және берешекті өндіріп алу үшін қажетті дербес деректерін беруге;

10) Абоненттің келісімімен есеп айырысудың аванстық тәртібі соңғысына Оператор айқындайтын Қызметтерді болашақ төлемдер есебіне ұсынуға. Оператор ұсынған Қызметтердің құнын Абонент өзінің жеке шотын толтыру және Оператор көрсетілген қызметтердің құнын осы шоттан есептен шығару жолымен төлейді, оған Абонент Қызметті қосу арқылы өз келісімін береді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Оператордың анықтамалық-ақпараттық қызметіне келіп түсетін кіріс қоңырауларын жазуға. Барлық Абонентке ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетудің тиісті сапасын қамтамасыз ету мақсатында Оператор Абоненттің сауалдарын автоматты түрде өңдеу режимінде және/немесе Оператордың ақпараттық-анықтамалық қызметінің қызметкерімен қарым-қатынас режимінде оператордың жүктемесіне және қызмет көрсетуге тең қолжетімділікті ұсынуға сүйене отырып өңдеуге құқылы. Абонент Оператордың қызметіне жатпайтын мәселелер бойынша бірнеше рет жүгінген жағдайда немесе Абонент этикалық нормаларды бұзған жағдайда (Оператордың маманына инабатсыз жүгіну, нормативке сай емес лексика, агрессия, қорлау, қорқыту және т.б. пайдаланғанда) Оператор ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуге, оның ішінде Оператор маманының ақпараттық-анықтамалық қызметте тікелей қызмет көрсетуге қолжетімділікті біржақты тәртіппен шектеуге құқылы;

12) егер Абонент осы Шарттың 9-бабында және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған негіздер бойынша осы Шарт тоқтатылғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде өзінің Дербес шотынан ақша қалдығын қайтару туралы талаптарын жазбаша мәлімдемесе, Абоненттің Дербес шотынан Оператордың кірісі есебіне ақшаны есептен шығаруға;

13) Абоненттің Өтініші бойынша Абоненттің Оператор алдындағы өзге шарттар мен мәмілелер негізінде туындаған ақшалай міндеттемелерін өтеу үшін қызметтер үшін алдын ала төлем ретінде Абонент енгізген ақшаны тараптардың өзара талаптарды есепке алуы арқылы пайдалануға;

14) Абонентке бонустар, жеңілдіктер және өзге де артықшылықтар бере отырып, ұтыс ойындарын, науқандар мен маркетингтік сипаттағы өзге де іс-шараларды өткізуге. Бонустар мен жеңілдіктерді Абонент Оператор жариялаған шарттарға сәйкес Қызметтерді алу үшін ғана пайдаланылады және науқан өткізу шарттарында Оператор тікелей қарастырған жағдайларды қоспағанда, ақшалай және басқа түрде Абонентке қайтарылуға жатпайды. Оператордың есебінен берілген және Абонент Қызметтерді алуға жұмсаған бонустар, жеңілдіктер мен өзге де артықшылықтар Қызметтер үшін төлем ретінде есептеледі;

15) Абоненттің Оператор алдында берешегі болса немесе қолданыстағы заңнамада белгіленген басқа да себептер бойынша Абоненттік нөмірді көшіруден бас тартуға;

16) Абонент туралы мәліметтерді (заңды тұлғалар үшін – деректер, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамалар, қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктер, хат – хабар үшін мекенжай және электрондық пошта мекенжайы; жеке тұлғалар үшін - тегі, аты және әкесінің аты, абоненттің нөмірі, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен берілген күні, жеке сәйкестендіру нөмірі, бар болса, пошталық мекенжайы, электрондық поштаның мекенжайы, абоненттік нөмір пайдаланылатын ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының сәйкестендіру коды) сұратуға;

17) Абонент осы Шарт бойынша құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін сақтамай, оны басқа тұлғаға берген кезде Абоненттік нөмірді жаңа иеленушінің атына міндетті түрде қайта ресімдеу жөніндегі талаптарды орындамаған жағдайда, осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға;

18) Абонент оның дербес деректерін жинауға және өңдеуге берген келісімін қайтарып алса, онсыз Оператордың Қызметтер көрсетуі мүмкін болмайтын жағдайда, осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

4. Абоненттің құқықтары мен міндеттері

4.1. Абонент міндетті:

1) Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес және белгілі бір аумақта (әуежай, ұшақ және т. б.) қолданылатын ерекше өкімдер мен қағидаларды, сондай-ақ ықтимал кедергілер туындаған немесе қауіпті жағдайлар кезіндегі шектеулерді (медициналық мекемелер, техникалық қызмет көрсету станциялары, отынды сақтау және қайта тиеу аумақтары, жарылыс жұмыстарын жүргізу орындары және т. б.) ескере отырып, Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы стандарттарға жауап беретін сәйкестік сертификаты бар, тиісті сападағы ұялы байланыстың Абоненттік құрылғысын пайдалануға;

2) Абоненттік құрылғыны ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларын тіркеу қағидаларына сәйкес ұялы байланыс операторында тіркеуге. Ұялы байланыстың Абоненттік құрылғыларын тіркеу қағидаларына сәйкес айқындалған ұялы байланыстың абоненттік құрылғылары тіркеуге жатады. Бұл ретте Операторға келесі мәліметтерді ұсынуы тиіс:

жеке сәйкестендіру нөмірі (жеке тұлға үшін) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі (заңды тұлға үшін);

ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының сәйкестендіру коды;

ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы пайдаланатын абоненттік нөмір.

Күзетілетін адамдар пайдаланатын ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын тіркеу үшін ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының сәйкестендіру коды туралы ақпарат қана ұсынылады.

3) машинааралық өзара іс-қимылдың сертификатталған, оның ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының басқа талаптарына сай келетін Абоненттік құрылғысын пайдалануға.

Машинааралық өзара іс-қимылдың абоненттік құрылғысы заңды мақсаттарда пайдаланылуы тиіс. Машинааралық өзара іс-қимылдың Абоненттік құрылғысын пайдалану тәртібі мен шарттарын Оператор осындай құрылғыны пайдаланатын Абонент үшін Қызмет көрсетуді қоса алғанда, жеке ескертуі мүмкін. Абонент басқа Абоненттік құрылғыларда SIM-картаны пайдалану арқылы машинааралық өзара іс-қимылдың абоненттік құрылғысы үшін Тарифтік жоспарды тиісінше пайдаланбаған жағдайда, Оператор қызметтер ұсынуды шектеу үшін жауапты болмайды.

4) Қызмет көрсету шарттарымен және тарифтерімен танысуға, тіркеу нысанын дұрыс толтыруға, ал қағаз құжатта толтырылған жағдайда, қол қоюға және тіркеу нысанының бір данасын Операторға беруге;

5) Осы Шартқа және тандап алынған есеп айырысу тәртібіне сәйкес Оператор белгілеген талаптар мен тарифтерге сәйкес қызметтерге уақтылы ақы төлеуге;

6) Операторға Абонент туралы мәліметтерге жатқызылған, оның ішінде Тіркеу нысанында көрсетілген анық деректерді беруге; Деректер өзгерген жағдайда бұл туралы Операторға осындай өзгерістер болған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде жазбаша немесе автоматты қызмет көрсету жүйесі арқылы хабарлауға;

7) көрсетілген Абоненттік құрылғы немесе SIM-карта жоғалған (ұрланған), сондай-ақ бүлінген (жойылған) жағдайда дереу жазбаша немесе ауызша (кейіннен жазбаша өтініш берген сәттен бастап 12 сағаттан кешіктірмей жазбаша өтініш бере отырып) бұл туралы Операторға пайдалануды бұғаттау үшін хабарлауға;

8) Абонент Абоненттік нөмір есептеулерінің аванстық тәртібін үшінші тұлғаға берген кезде өзінің Абоненттік нөмірін жаңа иеленушінің атына қайта ресімдеуге, ол үшін Операторға жүгінуге және Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде Оператор белгілеген сәйкестендіру рәсімінен өтуге. Абоненттік нөмірді басқа тұлғалардың осы тармақта белгіленген тәртіпті бұза отырып пайдалануы Абонентті осы Шарт талаптарының орындалуы үшін жауапкершіліктен босатпайды;

9) кәмелетке толмағандарды қоса алғанда, үшінші тұлғалардың Абоненттік құрылғыға, SIM-картаға және Қызметтерге байланысты басқа да құрылғыларға қол жеткізуі мен пайдаланылуын жеке өзі бақылауға;

10) ұялы байланыстың Абоненттік құрылғысының сәйкестендіру кодын, Оператор мен Серіктестердің қызметтеріне, оның ішінде Автоматты қызмет көрсету жүйесіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін өзге де кодтарды, кілттер мен құпиясөздерді құпия сақтауға;

11) Абонентке қолданылатын Шарттың №3 Қосымшасында көзделген, оның ажыратылмас бөлігі болып табылатын санкциялық ескертпе ережелерін сақтауға (бұдан әрі – Санкциялық ескертпе);

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді атқаруға.

4.2. Абонент құқылы:

1) Оператордың ұялы байланыс желісін радиотелефондық сөйлесулерді жүргізу және ақпаратты Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелеріне және осы Шарттың талаптарына сәйкес қолданыстағы стандарттар, техникалық нормативтер рұқсат ететін тәсілдермен беру үшін пайдалануға;

2) Оператордан Қызметтер көрсету кезіндегі мазмұны, ерекшеліктері мен шектеулері, Қызметтерге ақы төлеу тәртібі туралы, Оператор Қызметтерінің жұмыс режимдері туралы ақпарат және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген көлемде және тәртіппен басқа да ақпарат алуға;

3) Оператордың ұсынысы бойынша Абоненттік нөмірді, Тарифтік жоспарды, есеп айырысу немесе Қызметтерді қосу тәртібін келесі тәсілдердің бірімен таңдауға және (немесе) ауыстыруға:

- өтініш беру жолымен;

- Автоматты қызмет көрсету жүйесі арқылы.

Бұл ретте Оператордың Сайтында жарияланған немесе Оператор Қысқа мәтінді хабарлама арқылы немесе өзге де тәсілдермен жіберген Оператордың жоғарыда көрсетілген ұсынысы Оператордың офертасына теңестіріледі, ал Абоненттің осы 3) тармақшада көрсетілген тәсілдермен көзделген әрекеттерді жүзеге асыруы Оператордың офертасын құптау болып табылады және Тараптардың Қызметтер көрсету шарттарына өзгерістер енгізу туралы жазбаша келісіміне теңестіріледі.

Абоненттік нөмірді ауыстырған кезде Абонентке жаңа Абоненттік нөмір бөлінеді, ауыстырылатын нөмірді Оператор алып қояды және Оператор белгілеген рәсімдерге сәйкес басқа Абонентке берілуі мүмкін;

4) өзге шарттар мен мәмілелер негізінде туындаған Оператор алдындағы өзінің ақшалай міндеттемелерін өтеу Қызметтері үшін алдын ала төлем ретінде енгізілген ақшаны пайдалануға;

5) зияткерлік қызметтерді (лотерея, дауыс беру, телевикторина, викторина, анықтамалық-ақпараттық қызметтер, танысу қызметтері) өз қалауы бойынша осындай қызметтерді жеткізушілер белгілеген шарттарға сәйкес қосуға және өшіруге;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

4.3. Абонентке тыйым салынады:

1) басқа Абоненттердің Оператор Қызметтерін пайдалануына кедергі келтіруге;

2) Оператордың желісін пайдалана отырып, басқа Абоненттерге, үшінші тұлғаларға олардың келісімінсіз жарнамалық, ақпараттық және басқа да материалдарды жаппай таратуға (спам);

3) Оператор желісінің кез келген бағдарламаларына, дерекқорларына және басқа да құрамдас бағдарламалық элементтеріне өз бетінше және рұқсатсыз кіруге, сондай-ақ Оператор желісі жұмысының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін кез келген басқа да әрекеттерді жүзеге асыруға;

4) кез келген коммутациялық құрылғылар арқылы сигналдардың үндестік жиынтығы көмегімен кіріс және/немесе шығыс шақыруларды қайта бағыттауды пайдалануға;

5) Оператордың желісі арқылы вирустары немесе басқа да зиянды компоненттері бар кез келген ақпаратты немесе бағдарламалық жасақтаманы беруге;

6) қосымша қызмет арқылы алынған бағдарламалық жасақтаманы немесе зияткерлік меншік құқығы объектісі болып табылатын басқа да материалдарды иесінің немесе заңды құқық иеленушінің рұқсатынсыз беруге, жаңғыртуға немесе кез келген тәсілмен таратуға;

7) радиотелефон қоңырауларын, интернет сессияларды жүзеге асыруға, Қызметтерді тұтыну мақсатынсыз Қысқа мәтіндік хабарлар жіберуге;

8) Абоненттік нөмірді Оператордың арнайы рұқсатынсыз лотереялар, дауыс беру, конкурстар, викториналар, жарнама, сауалнамалар, жаппай тарату, үшінші тұлғаларға байланыс қызметтерін ұсыну үшін пайдалануға;

9) нәтижесінде Операторға да, адал Абоненттерге де залал келтірілетін Абоненттік нөмірлерді пайдалана отырып, құқыққа сыйымсыз әрекеттерді болғызбау мақсатында есеп айырысудың кредиттік тәртібінің Абоненттік нөмірін үшінші тұлғаға беруге және Оператор белгілеген жағдайларды қоспағанда, оны жаңа иеленушінің атына қайта ресімдеуге;

10) Оператормен алдын ала келіспей және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамай, мобильді және (немесе) орнықты байланыс, IP-телефония және т. б. желісіне қол жеткізу үшін Оператордың желісіне трафик және транзитін, оның ішінде Оператор желісінің немесе басқа желілердің телефон нөмірлеріне сыртқы IP немесе SIP трафикті коммутациялауға мүмкіндік беретін бағдарламалық жасақтаманы жүктеп алуды, орнатуды және/немесе өзгеше түрде пайдалануды не Интернет желісіндегі сервердің сыртқы IP/SIP серверіне кіріс телефон қосылыстарын коммутациялауды ұйымдастыруға;

11) желі жұмысының бұзылуына және (немесе) Операторға шығын келтіруіне әкеп соғуы мүмкін өзге іс-шараларды жүргізуге.

5. Оператор Қызметтерінің құны және есеп айырысу тәртібі

5.1. Қызметтердің барлық түрінің, оның ішінде Тарифтік жоспарлардың тарифтерін Оператор Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта белгіленген талаптарды сақтай отырып дербес белгілейді.

5.2. Радиотелефондық қосылыстың ұзақтығын есепке алу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тарифтеу бірліктеріне сәйкес жүргізіледі.

5.3. Қосылу құнын есептеу кезінде, егер Тарифтеу бірлігінде көрсетілген қосылу ұзақтығына тарифтің туындысы мыңдық және одан аз теңге үлесін қамтыса, келесі жүздік теңгеге дейін үлкен жағына қарай дөңгелектеу қолданылады.

5.4. Қызметтер үшін есеп айырысу мынадай есеп айырысу жүйелері: есеп айырысудың кредиттік тәртібі және (немесе) есеп айырысудың аванстық тәртібі арқылы жүзеге асырылады.

5.5. Оператордың шотына ақша түскен күн немесе Оператордың кассасына ақша енгізілген күн немесе Абоненттің экспресс төлем картасын іске қосқан күні төлем (Абоненттің Дербес шотына ақшалай қаражат аударылған) күні болып есептеледі.

5.6. Байланыс операторларымен және қызмет көрсету процесіне тартылған үшінші тұлғалармен өзара есеп айырысу ерекшелігіне және Оператор жабдығының технологиялық мүмкіндіктеріне байланысты жекелеген қызметтердің құнын Оператор кейінгі есептік кезеңдердегі шоттарға енгізуі мүмкін..

5.7. Кредиттік есеп айырысу тәртібі.

1) Есептік кезеңде Оператор көрсеткен Қызметтер үшін төлемді Оператор берген шот-фактура негізінде Абонент Есептік кезең ішінде жүзеге асырады. Шот-фактураны Оператор сату бойынша айналым жасалған күннен кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей береді. Байланыс қызметтерін өткізу бойынша айналым жасалған күн қызмет көрсетілген күнтізбелік айдың соңғы күні болып табылады;

2) Осы Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындау мақсатында Оператор Абонентпен таңдалған Тарифтік жоспарда белгіленген сомада кепілдік жарнаны төлеуді көздеуі мүмкін. Қарыз болмаған жағдайда кепілдік жарна осы Шартты бұзған кезде Абонентке қайтарылуы тиіс. Абоненттік нөмір есептеудің аванстық тәртібіне ауыстырылған жағдайда кепілдік жарнаның сомасы болашақ Қызметтер есебіне алдын ала төлем ретінде есептеледі;

3) Абонент осы Шарттың 5.7-бабының 1) тармағында көзделген Оператор көрсеткен қызметтерге ақы төлеу мерзімін бұзған жағдайда, Оператор алдын ала жазбаша хабарламасыз құқылы:

а) Қызмет көрсетуді тоқтата тұруға;

б) егер Қызметтерге ақы төлеу бойынша берешек Қызметтер көрсетуді тоқтата тұрған кезден бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде өтелмесе, алдын ала хабарламай, Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуға;

4) Абонент қол жеткізген кезде ұялы байланыстың негізгі қызметтеріне Лимит белгілеуге құқылы, оған Оператор қызметтер көрсетуді тоқтата тұрады. Бұл ретте Лимитке Абоненттік төлем және Оператор айқындайтын қосымша қызметтер, оның ішінде Роуминг қызметі және интернет желісіне Қол жеткізу қызметі кірмейді. Абоненттік төлем мөлшері өзгертілген жағдайда, Лимит автоматты түрде тиісті мәнге (тарифтің ұлғаюына пропорционалды түрде) өзгереді. Бұл ретте, қосымша келісімге қол қою, Оператор тарапынан хабарлама жіберу, немесе Абоненттен Лимитті өзгерту туралы хат немесе өтініш алу талап етілмейді. Абонент абоненттік төлем мөлшерінің өзгергені туралы хабарлама берілген сәттен бастап Лимиттің өзгертілгені туралы хабардар етілген болып саналады.

5.8. Аванстық есеп айырысу тәртібі.

1) Осы Шартқа қосылу кезінде Абонент таңдалған бастапқы топтамада және (немесе) Тарифтік жоспарда белгіленген мөлшерде бастапқы аванстық төлемді енгізеді.

2) Кейінгі аванстық төлемдерді Абонент таңдалған Тарифтік жоспардың шарттарын ескере отырып, Қызметтерді тұтынудың болжамды көлемі мөлшерінде жүзеге асырады.

6. Роуминг қызметтерін көрсету ерекшеліктері

1) Роуминг қызметін қоса отырып, Абонент Роуминг қызметін қосу шарттарына, сондай-ақ Оператор белгілеген тарифтерге сәйкес Роуминг қызметін төлеуге өз келісімін білдіреді. Роуминг қызметі туралы барлық ақпарат Оператордың Сайтында, Оператор өкілінің және (немесе) үшінші тұлғалардың сату және қызмет көрсету кеңселерінде жарияланады және (немесе) Оператордың қызметтері туралы Қысқа мәтіндік хабарламалар жіберу арқылы және (немесе) жарнамалық материалдарда хабарланады және (немесе) Оператордың ақпараттық-анықтамалық қызметі ұсынады.

2) Оператор есеп айырысудың аванстық тәртібінің Абоненттері үшін Роуминг қызметін қосу үшін шекті соманы белгілеуге құқылы. Оператордың роуминг-серіктесінен көрсетілген Қызметтер құнының шекті соманың белгіленген мөлшерінен асып кетуі туралы мәліметтер нақты уақыт режимінде келіп түскен жағдайда, Оператор Абоненттің келісімінсіз Абоненттік нөмір бойынша қызметтер көрсетуді тоқтата тұруға құқылы.

3) Оператор Абоненттік нөмірді іске қосқан күні 180 күннен кем барлық Абонент үшін Оператордың Сайтында тиісті ақпаратты жариялай отырып, Автоматты қызмет көрсету жүйесі арқылы Роуминг қызметін қосу шарттарын айқындауға құқылы.

4) Кредиттік есептеу тәртібінің Абоненті нақты уақыт режимінде қосылулардың ұзақтығын қадағалауға мүмкіндік беретін жүйенің болмауы себебінен Роуминг қызметі бойынша Лимитті белгілей алмайды, бұл ретте қызметтердің тарифтелуі 30 (отыз) күнге дейін кешіктіріліп жүргізіледі, бұл Лимиттің асып кетуіне әкеп соғуы мүмкін.

5) Роуминг қызметінің құнын есептеу Роуминг қызметін пайдалану факті бойынша роумингтік серіктестерден ақпараттың түсуіне қарай жүргізіледі. Ақы төлеуге кіріс және шығыс байланыс, Қысқа мәтіндік хабарлама жіберу, Интернет желісіне қол жеткізуді жүзеге асыру және өзге де қызметтер, оның ішінде осындай Қызметтерді көрсету шарттары мен тарифтеріне сәйкес қайта адрестеу жатады.

6) Роуминг қызметін қосуға Абоненттің келісімін кері қайтарып алу Абоненттің Өтініші бойынша жүргізіледі.

7. Оператордың қызметтерін әділ пайдалану саясаты

7.1. Осы Шарт бойынша Қызмет көрсету кезінде Оператор Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №2 қосымшада көрсетілген Әділ пайдалану саясатын (бұдан әрі – Әділ пайдалану саясаты) қолданады.

7.2. Оператор көрсетілген Әділ пайдалану саясатын бұзушылықтарды анықтаған кезде өз қалауы бойынша құқылы:

1) Абонентке алдын ала хабарламай Әділ пайдалану саясаты бұзылған көрсетілетін қызметтерді тоқтата тұруға не жекелеген көрсетілетін Қызметтерді тоқтата тұру мүмкін болмаған жағдайда, Абонент басқа Тарифтік жоспарға көшкенге немесе көрсетілетін қызметті қосқанға дейін лимитсіз немесе оларға теңестірілген көрсетілетін қызметтерсіз барлық көрсетілетін Қызметтерді тоқтата тұруға және (немесе)

2) Абонентті алдын ала хабардар етпей, деректерді лимитсіз беруді көздейтін Тарифтік жоспарлар мен Қызметтер бойынша Абонент Әділ пайдалану саясатының бұзушылықтарын жойғанға дейін және Абоненттің Операторды осындай жою туралы хабардар еткенге дейін Абонент үшін деректерді берудің ең жоғары өткізу қабілетін шектеуге;

3) Әділ пайдалану саясатында көзделген шараларды қолдануға.

7.3. Абоненттің немесе басқа Абоненттердің/үшінші тұлғалардың Абоненттің Дербес шотын тарта отырып, зиянды әрекеттері (осы Шартқа және әділ пайдалану саясатына сәйкес Қызметтерді адал алу мақсатынсыз) анықталған кезде, оның ішінде Абонент Операторға залал келтірген алаяқтық жасаған жағдайда, Оператор Абоненттерден мұндай залалдарды толық көлемде, оның ішінде Дербес шоттардан ақшаны есептен шығару жолымен өтеуді талап етуге құқылы.

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Оператордың жауапкершілігі.

1) Оператор Абонент алдында шарттық міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты, бұл ретте Оператор мен Абонент осымен жауапкершілік Абонентке келтірілген тікелей зиянның (нақты зиянның) мөлшерімен шектелетінімен келіседі және Оператор Абоненттің және (немесе) үшінші тұлғалардың жіберіп алған пайда түріндегі ықтимал залалдары үшін жауапты болмайды;

2) Оператор, егер өзінің осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы Операторға осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауы салдарынан туындағанын дәлелдесе, жауаптылықтан босатылады:

а) еңсерілмейтін күш мән-жайлары (өрт, дүлей апаттар, әскери іс-қимылдар, ереуілдер, жаппай тәртіпсіздіктер, террористік актілер, ауа райы құбылыстары, магниттік дауылдар және т. б.);

б) Оператордың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындай алмауына әкеп соққан мемлекеттік органның акті шығарылған жағдайларда;

в) Абонент Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта белгіленген міндеттемелерді бұзған жағдайларда;

г) үшінші тұлғалардың Қызметтерді рұқсатсыз пайдалануы;

д) үшінші тұлғалардың өзге де іс-әрекеттері (әрекетсіздігі);

е) байланыс желілеріндегі апаттар/ірікілістер, ғимараттардың, құрылыстар мен техникалық құрылғылардың, желілердің, телекоммуникациялық жабдықтардың бұзылуы, сондай-ақ Оператордың ақылға қонымды бақылауынан тыс өзге де мән-жайларда.

8.2. Оператор жауапты емес:

1) басқа байланыс Операторлары көрсететін Қызметтердің сапасы үшін, сондай-ақ Оператор көрсететін Қызметтерді басқа Операторлар көрсететін Қызметтермен қоса атқарған кезде;

2) үшінші тұлғалар желіні және (немесе) Оператордың Қызметтерін пайдалана отырып көрсететін қызметтердің сапасы мен мазмұны үшін;

3) Абоненттің, байланыс пайдаланушылардың және өзге де тұлғалардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы, оның ішінде авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау жөніндегі заңнамасын сақтауы үшін;

4) осы материалдарды және/немесе ақпаратты алуға келіскен не үшінші тұлғалардың өзінің абоненттік нөмірі туралы деректерді алуына мүмкіндік берген Абонентке Қызметтерді пайдалана отырып, үшінші тұлғалар жіберетін жарнамалық, ақпараттық және басқа да материалдардың және (немесе) өзге де ақпараттың мазмұны мен нысаны үшін;

5) Оператордың байланыс желілерінде жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдардың іс-әрекеттері және осы органдардың үшінші тұлғаларға Абонент және көрсетілген қызметтер туралы ақпаратты жария етуі үшін, сондай-ақ құқық қорғау органдарының талаптары үшін Абонентке қызметтер көрсетуді тоқтатуға және / немесе шектеуге;

6) үшінші тұлғалар әкімшілендіретін дүниежүзілік интернет желісінің жекелеген тораптарының немесе ресурстарының қолжетімсіздігі үшін;

7) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының Сәйкестендіру кодын, Оператор мен Серіктестердің қызметтеріне, оның ішінде Автоматты қызмет көрсету жүйесіне қол жеткізуге

немесе оларға үшінші тұлғалардың қол жеткізуіне мүмкіндік беретін өзге де кодтарды, логиндерді, кілттерді және құпиясөздерді жоғалтуға, сондай-ақ Дербес шоттарды толтыру және Автоматты қызмет көрсету жүйесін пайдалану кезіндегі қателіктерге байланысты Абонент және (немесе) үшінші тұлғалар шеккен залалдар үшін;

8) үшінші тұлғалардың алаяқтық іс-әрекеттері нәтижесінде Абонент және (немесе) пайдаланушылар шеккен залалдар үшін;

9) Абоненттің және (немесе) пайдаланушылардың Абоненттік нөмірін әлеуметтік желілерге және өзге де сервистерге байланыстыруына байланысты шеккен залалдары үшін, Абоненттің және (немесе) пайдаланушылардың әлеуметтік желілердегі әрекеттері, олардың аккаунттарын белсендіру/сөндіру үшін;

10) Егер Оператор Абонентті қолжетімді тәсіл арқылы алдын ала ескерткен жағдайда, Оператор жүргізген профилактикалық/техникалық жұмыстар кезінде Қызметтердің көрсетілуінің тоқтатылуы немесе сапасының төмендеуі үшін;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

8.3. Абоненттің жауапкершілігі:

1) Абонент осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған, оның ішінде осы Шарттың 4.3-тармақта белгіленген тыйымдарды бұзған жағдайда Оператор алдында жауапты болады және Операторға залалдарды толық көлемде өтеуге міндетті.

2) Абонент Абоненттік нөмірдің және (немесе) Абоненттік құрылғының оның иелігінен шығуына байланысты және Абоненттік нөмірді және (немесе) Абоненттік құрылғыны үшінші тұлғаларға бергені үшін жауапты болады.

9. Шарттың қолданылу мерзімі, оны тоқтату тәртібі

9.1. Осы Шарт 2.6-тармаққа сәйкес Абонент осы Шартқа қосылған күннен бастап күшіне енеді және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Шартта көзделген негіздер бойынша ол тоқтатылған кезге дейін қолданылады. Бұл ретте Абоненттің Дербес деректерін Жинауға және өңдеуге келісім, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, оларды жинау және өңдеу мақсаттары үшін қажетті мерзім ішінде қолданылады.

9.2. Абонент кез келген уақытта Операторға өтініш беру арқылы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Абоненттік нөмірді көшіру рәсімі арқылы біржақты тәртіппен шарттан бас тартуға құқылы. Оператордың Қызметтер көрсетуін нақты тоқтатуы Абоненттің Өтінішінде көрсетілген күннен бастап жүргізіледі. Бұл ретте осы Шартты бұзуға Абоненттің берешегі болған кезде жол берілмейді.

Берешегі бар Абоненттік нөмір бойынша Абоненттік нөмірлердің орталықтандырылған дерекқорынан (АНОДҚ) сұрау алынған жағдайда, Оператор АНОДҚ-ны Абонентте берешегінің болуына байланысты Абоненттік нөмірді ауыстырудан бас тарту туралы еркін нысанда хабардар етуге құқылы.

9.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, сондай-ақ Абонент осы Шарттың талаптарын бұзған кезде Оператор осы Шартты орындаудан бір жақты тәртіппен бас тартуға құқылы (бір жақты бас тарту) және Шарт үзілді деп есептеледі.

9.4. Осы Шарт үзілген немесе тоқтатылған кезде, Абоненттік нөмірді басқа Оператордың желісіне ауыстыру салдарынан Шарт тоқтатылатын жағдайларды қоспағанда, Абоненттік нөмір алынады. Абоненттің меншігіндегі ұялы байланыстың Абоненттік құрылғысын Оператор сатып алмайды, SIM-картаның, сондай-ақ сатып алынған, бірақ іске қосылмаған жедел төлем карталарының құны Абонентке өтелмейді.

Алынған Абоненттік нөмір одан әрі басқа Абонентке берілуі мүмкін.

Осы Шарт үзілген немесе тоқтатылған кезде көрсетілген Қызметтер шеңберінде Абонент алған есептелген бонустар мен жеңілдіктер Абонентке қайтарылмайды, төленбейді және Оператор науқанды өткізу шарттарында тікелей көздеген жағдайларды қоспағанда, өзгеше түрде өтелмейді.

9.5. Шарт бұзылған жағдайда Абонентке оның дербес шотынан ақша қалдығын қайтару Абоненттің қайтару туралы өтініші тіркелген сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүргізіледі. Бұл ретте Оператор Абоненттік нөмірді нақты пайдалануды растауды және ақша енгізуді талап етуге құқылы. Ақшаны қайтару қолма-қол ақшасыз нысанда, Абонент өз өтінішінде деректемелерін көрсететін Абоненттің банк шотына немесе банк картасына ақшаны

есепке салу жолымен не Операторға қолжетімді өзге де тәсілдермен жүзеге асырылуы мүмкін. Оператордың мүмкіндігі болған кезде және соның негізінде Шарт бұзылатын Абоненттің Өтініші бойынша Оператор одан басқа Абонентіне қайтарылуға жататын соманың барлығына немесе бір бөлігіне қызмет көрсете алады.

9.6. Оператор Абонентке алдын ала хабарламай, Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы, егер:

1) Абонент 12 ай бойы Оператордың қызметін (кіріс және шығыс байланыс, қысқа мәтінді хабарламаларды жіберу/алу, деректерді беру, қабылдау/беру) пайдаланбаса;

2) Абонентте осы Шартта көзделген тәртіппен Оператор алдындағы берешекті есептеудің кредиттік тәртібі қалыптасқан кезде.

9.7. Егер мақсаты Оператордан қызметтер алу болып табылмайтын Абонент ұялы байланыс қызметтерін көрсетуге арналған Шарттарды жүйелі түрде тоқтатса және Дербес шоттардан ақша қалдығын алып тастаса, егер Шарттың алдыңғы тоқтатылуы күнтізбелік 60 (алпыс) күннен аз мерзімде жүзеге асырылса, Оператор осындай Абонентпен Шартты тоқтатудан бас тартуға құқылы.

10. Басқа шарттар

10.1. Осы Шарттың талаптарымен реттелмеген барлық жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

10.2. Қызметтерді көрсеткен/алған кезде туындайтын кез келген дауды Тараптар келіссөздер арқылы шешуге тырысады, Тараптар өзара келісімге келмеген жағдайда, дау заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер бойынша Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында, өзге жеке тұлғалар бойынша – Алматы қаласының Бостандық аудандық сотында, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.

10.3. Абоненттің төлеу мерзімі өткізіп алуының басталуын қоса, төлеу мерзімі келген міндеттемелерді тиісті орындамаған жағдайда, Оператор даусыз тәртіпте атқарушылық жазбаны жасауға нотариусқа жүгінуге құқылы. Нотариустың Атқарушылық жазбасы Оператордың өтініші негізінде Оператордың таңдауы бойынша жасалуы мүмкін:

- Абоненттің тіркелген жері бойынша (Абоненттің заңды мекенжайы);
- Абоненттің тұрғылықты жері немес орналасқан жері бойынша – (Абоненттің шартты жасасу сәтіне көрсеткен жеке тұлғаның нақты мекенжайы);
- оператордың және/немесе Абоненттің тұрғылықты жеріне, орналасқан жеріне немесе тіркелген жеріне қарамастан, Қазақстан Республикасының кез келген нотариусының орналасқан мекенжайы бойынша.

10.4. Осы Шарт бірдей заңды күшке ие мемлекеттік және орыс тілдерінде құрылды.

10.5. Осы Шарт барлық Абонентке қатысты және осы Шартты Оператордың сайтында жариялаған сәттен бастап, ұялы байланыс қызметтерін көрсетуге бұрын жасалған Жария шартты алмастырады.

10.6. Қысқа мәтіндік хабарламаларды жаппай жіберу немесе осы Шарт Оператордың веб-сайтында жарияланған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Абонент Шарттың 9.2-тармағына сәйкес Шарттан бас тартуға өтініш беруге құқылы. Оператордың көрсетілген мерзімде бас тартуды алмауы, сондай-ақ Абоненттің Қызметтерді пайдалануы Абоненттің осы Шарттың талаптарын сөзсіз қабылдауын білдіреді.

11. Оператордың деректемелері

“КаР-Тел” ЖШС, Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010010, Астана қ., Алматы ауданы, Қадырғали Жалайыри к-сі, 2-үй, тел. +7 727 3500606, факс + 7 727 3500605, БСН 980540000397, Банк атауы – “ForteBank” АҚ, Банк БСК-сы – IRTYKZKA, ЖСК KZ239650200007576641

**Оператордың ақпараттық жүйесін пайдалану және Beeline мобильді қаржы сервисін
ұсыну
ҚАҒИДАЛАРЫ
(бұдан әрі - “Қағидалар”)**

Осы Қағида Абонент пайдалана отырып азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша төлемдерді жүзеге асыру және өзге де операцияларды жүргізу мақсатында Электронды ақшаны сатып алған кезде туындайтын **Оператор** мен **Абоненттің** қатынастарын реттейді, сондай-ақ Абонент Электронды әмиянды толтыру және Электронды ақшамен өзге де операцияларды жасау туралы Нұсқаулар беретін, Оператордың Ақпараттық жүйесін Абоненттің пайдалану тәртібін айқындайды.

1. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) **“Авторландыру”** - Абонент Логин мен Құпиясөзді енгізу арқылы “Beeline мобильді қаржы сервистері” Жеке кабинетіне кіруге әрекет жасаған кезде “Beeline мобильді қаржы сервистері” Жеке кабинетіндегі операцияларды жүргізуге Абоненттің құқықтарын тексеру (растау) процесі.

2) **“Эмитент”** - Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Электронды ақша жүйесінде Электронды ақшаны шығаруды және өтеуді жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банктер. Банктердің атауы, орналасқан жері және тіркеу нөмірлері жүйенің ережелерінде және Электронды ақша жүйесі Операторларының сайттарында жазылған.

3) **“Банк”** – Абонент банктік қызмет көрсету шартын жасасқан Simply/Симпли төлем картасының Эмитенті болып табылатын Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі.

4) **“Абоненттің банк шоты”** - банктің ақпараттық жүйесінде Simply/Симпли төлем карточкасын ұстаушы ретінде абоненттің атына ашылған ағымдағы шот.

5) **“Ақпараттық жүйе”** – Оператордың/Серіктестердің жүйесі және Абоненттің Нұсқауларын беруді қамтамасыз ететін тиісті ұйымдастырушылық және техникалық ресурстар.

6) **“Карта Simply/Симпли” (бұдан әрі - “Карта”)** – карта ұстаушы-жеке тұлғаларға Банк пен Абонент арасында жасалған төлем карталарын беру және оларға қызмет көрсету туралы шарт талаптарымен төлем және/немесе аударым жүзеге асырылатын банк шығаратын төлем картасы, Visa.

7) **“Лимит”** - Электронды ақша иесіне қолжетімді, электронды ақша жүйесінің Операторы белгілейтін, бір операцияның ең жоғары сомасы және/немесе белгілі бір уақыт кезеңі ішіндегі транзакциялар саны.

8) **“Beeline мобильді қаржы сервистері” Жеке кабинеті** - арнайы қорғаныс құралдарымен қорғалған, Абоненттің Электронды әмиянды толықтыру туралы Нұсқауларды беруі мақсатында Абоненттерге Оператордың Ақпараттық жүйесіне қолжетімділік беретін және үшінші тұлғалардың пайдасына азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша Электрондық ақшамен төлемдер жасау туралы немесе Электрондық әмиянның жасалған толықтырулары, төлемдер және Электрондық ақшамен өзге де операциялар бойынша деректерді қамтитын Оператор сайтының мамандандырылған бөлімі.

9) **“Логин”** - Абоненттің Жеке кабинетке кіруіне мүмкіндік беретін Абонент жеке кабинетінің аты (сәйкестендіргіші).

10) **“Beeline мобильді қаржы сервисі”** - Оператордың өз ақпараттық жүйесіне қол жеткізуді ұсыну және Абоненттің төлемдер мен өзге де операцияларды жасау мақсатында Абоненттің нұсқауы негізінде Абоненттің электронды әмиянын және Банк шотын толықтыру қызметтері.

11) **“Электрондық ақша жүйесінің операторлары”** - Электронды ақша жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін және Электронды ақшаны пайдалана отырып операцияларды жүзеге асыру кезінде қалыптастырылатын ақпаратты жинауды, өңдеуді және беруді жүзеге

асыруды қоса алғанда, есеп айырысуға қатысушылар арасында ақпараттық және технологиялық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету жөнінде қызметтерді көрсететін төлем ұйымдары.

12) **“Кілт сөз”** - абоненттің “Beeline мобильді қаржы сервистері” Жеке кабинетіне кірген кезде оның жеке басы мен өкілеттігін растауға, ақпаратты үшінші тұлғалардың рұқсатсыз кіруінен қорғауға арналған белгілер және/немесе символдар және/немесе сандар жиынтығы.

13) **“Төлем”** - Жеткізуші мен Абонент арасында жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша үшінші тұлғалардың (жеткізушілердің) тауарларының, жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің ақысын Абоненттің Электронды ақшаны пайдалана отырып төлеуі.

14) **“Электрондық ақшаны өтеу”** - Жүйенің қағидаларына және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылатын, олардың иесі ұсынған не Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда оларды ұсынбай өтеуге жататын Электронды ақшаны олардың номиналдық құны бойынша тең ақша сомасына айырбастау бойынша Эмитент жүзеге асыратын операция.

15) **“Электронды әмиянды толықтыру”** – Абоненттің Нұсқауы бойынша жүзеге асырылатын Электронды ақшаны сатып алу және оны Электронды әмиянға есепке алу операциясы.

16) **“Жеткізуші”** - Абоненттерге қызметтер, жұмыстар көрсететін немесе Абонент төлем жасайтын тауарды өткізетін тұлға.

17) **Жүйе қағидалары** - Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде Эмитенттер белгілеген және келіскен қағидалар, оларға сәйкес Электрондық ақшаны шығару, өткізу, сатып алу, қабылдау, беру, өтеу жүргізіледі және электрондық ақша жүйесі операторларының сайттарында Интернет желісінде орналастырылған оларды пайдалану жөніндегі өзге де операциялар жүзеге асырылады.

18) **“Жария шарт”** - мәні Оператордың Абонентке байланыс қызметін көрсетуі болып табылатын Абонент пен Оператор арасында жасалған шарт.

19) **«Оператор сайты»** – интернет желісіндегі Оператордың ақпараттық ресурсы, мекенжайы: www.beeline.kz.

20) **“Электрондық ақша жүйесі Операторларының сайттары”** - электронды ақша жүйесі Операторының ақпараттық ресурсы.

21) **“Электрондық ақша жүйесі”** - Электронды ақшамен төлемдерді және өзге де операцияларды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін Электронды ақша жүйесі Операторының бағдарламалық-техникалық құралдарының, құжаттамаларының және ұйымдық-техникалық іс-шараларының жиынтығы.

22) **“Нұсқау”** - Абоненттің электронды әмиянды және(немесе) Абоненттің Банк шотын толықтыру туралы Оператордың атына Абоненттің өкімі және Электронды ақшамен операцияларды жүзеге асыру туралы Электронды ақша жүйесі операторының атына немесе тиісінше осы Қағидаларда көзделген тәсілдермен Абонент ұсынатын Банктің атына өкім ретінде қызмет ететін абоненттің өкімі.

23) **“Электрондық ақша жүйесіне қатысушы”** - осы Қағидаларға, Жүйенің қағидаларына және/немесе жасалған шартқа сәйкес Электрондық ақша жүйесі шеңберінде Электрондық ақшаны шығару, беру, қабылдау, пайдалану, сатып алу, өткізу немесе өтеу бойынша құқығы немесе міндеттемесі туындайтын жеке немесе заңды тұлға.

24) **“Фрод”** - Оператордың байланыс желілеріндегі ресурстар мен қызметтерді санкцияланбаған іс-әрекеттер немесе заңсыз пайдалану, сондай-ақ Оператор желісінің немесе Ақпараттық жүйенің жұмысына теріс әсер етуі мүмкін өзге де іс-әрекеттер.

25) **“Электронды ақша”** – Эмитенттің электронды нысанда сақталатын және Электронды ақша жүйесінің басқа да қатысушылары Электронды ақша жүйесінде төлем құралы ретінде қабылдайтын сөзсіз және қайтарып алынбайтын ақшалай міндеттемелері.

26) **“Электронды әмиян”** - Электронды ақша сақталатын микропроцессор (чип), дербес компьютердің бағдарламалық жасақтамасы және/немесе Абоненттерге Электронды ақшамен төлемдерді, аударымдарды және өзге де Операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін оларға қол жеткізуді қамтамасыз ететін өзге де бағдарламалық-техникалық құрал.

27) “USSD” - GSM желілеріндегі Абонент пен сервистік қосымша арасында қысқа хабарламалар жіберу режимінде интерактивті өзара іс-қимылды ұйымдастыруға мүмкіндік беретін стандартты сервис.

Осы Қағидаларда анықтамалары мен мәндері қарастырылмаған терминдер Жария шартта осы терминдер үшін көзделген анықтамаға және мәнге сәйкес түсіндіріледі.

2. Осы Қағидалардың шарттарына сәйкес Оператор: (1) Абоненттің төлемдер жасауы немесе олардың Эмитенті айқындаған шарттарда Электронды ақшамен өзге де операциялар жүргізу мақсатында Электронды әмиянды толтырады; (2) Абоненттерге Абоненттің Электронды әмиянын толтыру және Электронды ақшамен операциялар жүргізу туралы Оператордың және Электронды ақша жүйесі операторының Абоненттің Нұсқауларын беруді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйені пайдалану мүмкіндігін береді.

3. Оператордың Абонентке Электронды ақшаны өткізуі Абоненттерге жеткізушінің қызметтеріне/тауарларына/жұмыстарына ақы төлеу немесе Электронды ақша жүйесінде Электронды ақшамен басқа да операциялар жасау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады. Нұсқау жібере отырып, Абонент Оператордан Электронды ақша сомасын сатып алады және оларды пайдалана отырып, Электронды ақша Эмитенті айқындаған шарттарда жеткізушінің пайдасына төлем немесе өзге де операция жасайды. Абонент Нұсқауларды ақпараттық жүйені пайдалана отырып, осы Қағидаларда көзделген тәсілдермен жібереді.

Оператордың Абонентке Дербес шоттан Банк шотқа ақша қаражатын аударуы Абоненттерге Жеткізушінің қызметтерін/тауарларын/жұмыстарын төлеуге немесе төлем жасау үшін Банк шотта ақша жеткіліксіз болған кезде басқа операцияларды жасауға мүмкіндік беру мақсатында жүзеге асырылады. Нұсқауды жібере отырып, Абонент операторға Дербес шоттан банк шотына ақша қаражатының сомасын аударуға өкім береді және оларды пайдалана отырып, жеткізушінің пайдасына немесе Банк айқындаған шарттарда өзге операцияға төлем жасайды. Нұсқауларды абонент ақпараттық жүйені пайдалана отырып, осы Қағидаларда көзделген тәсілдермен жібереді.

4. Электронды ақшаны сатып алу операциялары бойынша Абоненттердің Оператормен есеп айырысуы Абоненттің Дербес шотында көрсетілген байланыс қызметтері үшін аванс ретінде Абоненттер енгізген ақша есебінен жүзеге асырылады. Абоненттің Электронды ақшаны сатып алуына байланысты Абоненттің Дербес шотынан есептен шығару туралы ақпарат Жария шарттың негізінде берілетін көрсетілген байланыс қызметтері бойынша нақтылауда көрсетіледі.

Абоненттің Оператормен Банк шотқа ақша қаражатын аудару операциялары бойынша есеп айырысуы Абоненттің дербес шотында көрсетілген байланыс қызметтері үшін аванс ретінде абоненттер енгізген ақша есебінен жүзеге асырылады. Абоненттің Дербес шотынан Банк шотқа аударуға байланысты есептен шығару туралы ақпарат Жария шарт негізінде берілетін көрсетілген байланыс қызметтері бойынша егжей-тегжейлі көрсетіледі.

Оператор тиісті Қызметтерді ұсыну шеңберінде Абонентке Электрондық ақшаны кейінге қалдырылған төлеммен Эмитентпен жасалған шарт негізінде әрекет ететін электрондық ақша жүйесінің агенті арқылы агенттің Эмитентке алдын ала толық төлеген сомасы шегінде беріледі. Абоненттің мұндай қызметті пайдалануды қосу, оның Электрондық ақшаны кейінге қалдырылған төлеммен алу шарттарына сөзсіз келісімін және Оператор белгілеген мерзімде Электрондық ақшаны толық көлемде қайтару міндеттемесін қабылдағанын білдіреді.

5. Абонент Электронды әмиянды толтыруды, төлемдерді, Электронды ақшаны өтеуге ұсынуды және Электронды ақшамен өзге де операцияларды Электронды ақша операторларының сайттарында орналастырылған жүйе қағидаларында көзделген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырады, оның ішінде: www.woorpay.com/files/2.pdf және <https://kempay.kz/ru/doc>, https://asiapay.kz/public_offer, <https://paygate.kz/pdf/public.pdf>, <https://www.marginplus.kz/> и <https://www.onevision.kz/ru/rules>. Осы Қағидаларды (Оферталарды) акцепт арқылы қабылдай отырып, Абонент өз келісімін растайды және Жүйелердің Қағидаларына толық көлемде қосылады.

6. Банк шотты толтыруды және төлемдерді Абонент банк пен Абонент арасында жасалған Банктік қызмет көрсету шартында көзделген тәртіппен және талаптармен жүзеге асырады.

7. Абоненттің осы Қағидаларға қосылу тәртібі.

7.1. Абоненттің осы Қағидаларға қосылуы Абоненттің осы Қағидалардың талаптарымен танысқанын және онымен келісуін білдіреді.

7.2. Абоненттің осы Қағидаларға қосылу және олардың күшіне ену сәті Абонент келесі әрекеттердің бірін жасаған сәті болып саналады:

- Жария шартқа қосылу;
- веб-ресурстарда немесе абоненттік құрылғыларға арналған кез келген өзге қосымшаларда осы Қағидалардың мәтінінің жанындағы тиісті жолда белгі (қанат белгісін қою) түрінде көрсетілген осы Қағидалардың шарттарымен өз келісімін растау;
- 2010, 2020, 902045, 2505, 7757, 9909 нөмірге немесе Мобильді қаржы сервисін пайдалану мақсатында Электронды ақша жүйесі операторының немесе Оператордың жарнамалық материалдары мен коммуникацияларында көрсетілген өзге де нөмірге SMS жолдау.
- USSD мәзірінде Оператор көрсеткен пәрменді (көрсетілген санды теру) теру арқылы өз келісімін растау.
- осы Қағидалардың өзекті нұсқасы орналастырылған интернет желісіндегі мекенжайды көрсете отырып, осы Қағидаларға сілтемені қамтитын Оператормен өзге де келісімдерге қол қою.

8. Осы Қағидаларға қосыла отырып, Абонент өз келісімін білдіреді және Операторға, Электронды ақша жүйесінің операторына Beeline мобильді қаржы сервисін беру үшін оның дербес деректерін алуға, сақтауға және өңдеуге рұқсат береді, жүйе операторының абоненттің дербес деректерінің оператордан алуына келісім береді, сондай-ақ осы Қағидаларда көзделген Beeline мобильді қаржы сервисін ұсыну және электрондық ақша айналымы процесінде Абоненттің дербес деректерін Операторға, Банкке, Жеткізушіге және сенім білдірілген тұлғаларға беруге келісім береді. Дербес деректерді өңдеу деп Дербес деректерді жинауды, сақтауды, өзгертуді, толықтыруды, пайдалануды, таратуды, иесіздендіруді, бұғаттауды және жоюды, сондай-ақ дербес деректерді беруді қоса алғанда, дербес деректермен жасалатын іс-әрекеттер (операциялар) түсініледі. Оператор үшінші тұлғалармен жасалған құпиялылық туралы келісімнің негізінде осы Қағидаларда көзделген міндеттемелерді орындау мақсатында ғана оларға Абоненттердің дербес деректерін өңдеуді тапсыруға құқылы.

9. Электрондық ақшаны сатып алу және Ақпараттық жүйеге қолжетімділік мүмкіндігі Абонентке келесі шарттарда беріледі:

- Абонентте байланыс қызметтері немесе өзге де қызметтер үшін Оператор алдында берешектің болмауы;
- Абоненттік құрылғыда бұғаттаудың болмауы;
- Абоненттік нөмірде Beeline мобильді қаржы сервисін пайдалануға тыйымның болмауы;
- Дербес шотта жеткілікті ақша сомасының болуы;
- Егер Электронды ақшамен Операция сомасы белгіленген Лимиттерден аспаса;
- егер Абонент енгізген деректер дұрыс болса;
- егер абоненттік нөмірді пайдалана бастаған сәттен бастап және Электронды ақшаны сатып алуға бастамашы болғанға дейін Абонент тарифтік жоспарға байланысты келесі байланыс қызметтерін пайдаланса: SMS-хабарламалар, интернет желісіне қосылу қызметтері, шығыс қоңыраулар;
- Абонент туралы мәліметтерге жатқызылған деректердің дұрысты.

Абонент осы тармақта көзделген талаптарға, Қағидаларға немесе Жария шартқа сәйкес келмеген жағдайда немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін өзге де негіздер бойынша Оператор Абонентке Beeline мобильді қаржы сервисін ұсынудан бас тартуға құқылы.

10. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.

10.1. Оператор міндетті:

10.1.1. Осы Қағидалардың 8-тармағын ескере отырып, Абонент туралы дербес деректердің құпиялылығын қамтамасыз етуге. Оператор Абоненттің өзінің дербес деректерін жария етуіне және/немесе жоғалтуына байланысты, оның ішінде “Beeline мобильді қаржы сервистері” Жеке кабинетіне немесе Оператордың Ақпараттық жүйесіне қолжетімділік берілетін Абоненттік

құрылғыға арналған қосымшаға кіруді қамтамасыз ететін логин, пароль үшін Абонент шеккен кез келген түрдегі залал үшін жауапты болмайды.

10.2. Оператор құқылы:

10.2.1. Beeline мобильді қаржы сервисін ұсыну тоқтатылғанға дейін немесе өзгерістер күшіне енгенге дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Оператордың Сайтында бұл туралы хабарлама жарияланғаннан кейін Beeline мобильді қаржы сервисін ұсынуды біржақты соттан тыс тәртіппен тоқтату немесе оны ұсыну тәртібі мен шарттарын өзгертуге. Осы Қағидаларға қосыла отырып, Абонент Оператордың осы тармақта көзделген тәртіппен осы Қағидалардың шарттары мен ережелерін кейіннен өзгеруіне келіседі.

10.2.2. Beeline мобильді қаржы сервисін ұсыну шеңберінде науқандарды, ұсыныстарды бір жақты тәртіпте, Оператордың Сайтында мұндай толықтырулар, өзгерістер немесе жою енгізілгенге дейін кемінде күнтізбелік 1 (бір) күн бұрын хабарландыру жарияланғаннан кейін толықтыруға, өзгертуге немесе жоюға.

10.2.3. Абоненттен Дербес шотта 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңгеден астам қаражат болу мақсаты туралы ақпарат сұратуға;

10.2.4. Оператор Оператордың Сайтында тиісті ақпаратты жариялай отырып, Абоненттің Нұсқаулар беру тәсілдерін бір жақты тәртіппен өзгертуге және/немесе толықтыруға құқылы.

10.2.5. Абонент осы Қағидалардың талаптарын, жария шартты бұзған немесе алаяқтық, Фрод жағдайлары анықталған жағдайда, сондай-ақ, егер Оператор Абонент мобильді қаржы сервисін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру немесе абонент жасады деп күдіктенетін немесе айыпталатын өзге де құқыққа қарсы іс-әрекеттер мақсатында пайдаланады деп негізді ұйғарған жағдайда Абонентке бұл туралы алдын ала ескертусіз Beeline мобильді қаржы сервисін ұсынудан бас тартуға құқылы.

10.2.6. Терроризмге және террористік ұйымдарға байланысты адамдардың тізбесінде, сондай-ақ "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұлттық төлем корпорациясы"АҚ Антифрод-орталығы тізімдерінің тізбесінде көрсетілген адамдардың пайдасына және адамдар жасайтын операцияларды тоқтата тұруға.

10.3. Абонент міндетті:

10.3.1. Осы Қағидаларда көзделген талаптар мен міндеттерді орындауға;

10.3.2. Осы Beeline мобильді қаржы сервисі шеңберінде ұсынылған қызметтерге, оның ішінде Абоненттік құрылғы/Абоненттік нөмір Абоненттің иелігінен шыққан немесе Абонент оны үшінші тұлғаға пайдалануға берген жағдайда ақы төлеуге.

10.3.3. Beeline-ның осы мобильді қаржы сервисіне қолжетімділікті қамтамасыз ететін өзінің Абоненттік құрылғысы немесе паролі және (немесе) SIM-картасы жоғалған жағдайда бұл туралы Операторға дереу хабарлауға және Абоненттік нөмірді бұғаттау үшін 0611 телефоны бойынша немесе Оператордың Сайтында көрсетілген мекенжай бойынша Оператордың қызмет көрсету кеңсесіне жүгінуге.

10.3.4. Beeline мобильді қаржы сервисін пайдалану шеңберінде Оператор алдында берешектің пайда болуына әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттерді қолданбау, сондай-ақ мұндай берешек пайда болған жағдайда, оның ішінде Оператордың Дербес шотынан ақшаны есептен шығару жолымен оны уақтылы өтеуге.

10.4. Абонент құқылы:

10.4.1. Осы Қағидаларда көзделген талаптарды сақтаған және сәйкес келген жағдайда Оператордың Ақпараттық жүйесіне қол жеткізуге.

10.4.2. тиісті сұрау салу бойынша кез келген уақытта Электронды ақшамен жүргізілген операциялар туралы ақпарат алуға.

11. Beeline мобильді қаржы сервисінің қызметі үшін Оператордың сыйақысы.

11.1. Абонент Операторға Beeline мобильді қаржы сервисінің қызметі үшін төлеуі тиіс сыйақы және (немесе) комиссия сомасы туралы ақпаратты Оператор Абонентке Beeline мобильді қаржы сервисі шеңберінде операцияларды жүзеге асыруға қолжетімділік берілетін ресурстарда ұсынады.

12. Тараптардың жауапкершілігі.

12.1. Электронды ақшамен операцияларды Абонент Электронды ақша жүйесінде жүзеге асырады. Электронды ақша жүйесінің тиісінше жұмыс істемеуі және (немесе) Электронды ақшаны пайдалана отырып операцияларды жүзеге асыру кезінде қалыптастырылатын ақпаратты

жинауды, өңдеуді және беруді жүзеге асыруды қоса алғанда, есеп айырысуға қатысушылар арасындағы ақпараттық және технологиялық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді тиісінше көрсетпеу үшін, төлемдерге және (немесе) ақша аударымына байланысты өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Электронды ақша жүйесінің операторы жауапты болады.

12.2. Банк шоттан төлемдер бойынша операцияларды абонент Банктің ақпараттық жүйесінде жүзеге асырады. Банктің ақпараттық жүйесінің тиісінше жұмыс істеуі үшін, төлемдерге және (немесе) ақша аударымына байланысты өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Банк абонент пен Банк арасында айқындалған шарттарда жауапты болады.

12.3. Қызметтер көрсету, тауарлар мен жұмыстарды ұсыну міндеттемелері, олардың сапасы мен жеткізілімі бойынша Жеткізуші жауапты болады. Жеткізуші көрсеткен қызметтер, жұмыстар және өткізілген тауарлар бойынша туындаған барлық шағымдарды, сондай-ақ тауарларды және/немесе қызметтерді және/немесе жұмыстарды айырбастау-қайтару бойынша талаптарды Абонент тауарды, жұмысты немесе көрсетілетін қызметті сатып алған Жеткізушіге тікелей қоюға немесе Электрондық ақша жүйесі операторының пайдаланушыларын қолдау қызметіне жүгінуі тиіс.

12.4. Оператор орын алуында Оператордың кінәсі жоқ техникалық платформалар мен көлік желілерінің немесе байланыс желілерінің жұмысындағы кідірістер мен іркілістер үшін Абонент алдында жауапты болмайды.

12.5. Абонент өзінің абоненттік нөмірі арқылы немесе Абоненттік құрылғыда орнатылған арнайы қосымшалардың көмегімен немесе web-сайттарда немесе үшінші тұлғалардың қосымшаларында оның сәйкестендіру/аутентификациялау деректерінің көмегімен жасалған үшінші тұлғалардың, оның Абоненттік құрылғысын пайдаланушылардың кез келген іс-әрекеттері үшін барлық тәуекелді және барлық жауапкершілікті көтереді.

12.6. Абоненттік құрылғы немесе Абоненттің SIM-картасы жоғалған, ұрланған немесе Абоненттің иелігінен шыққан өзге де жағдайларда, Оператор Абоненттен Абоненттік нөмірді/SIM-картаны бұғаттау туралы өтінішті алған сәтке дейін Абонент осы Абоненттік құрылғыны және/немесе SIM-картаны үшінші тұлғалардың пайдалануына байланысты барлық тәуекелдерді көтереді.

12.7. Оператор Электронды ақша жүйесінде операциялардың тиісінше жұмыс істемегені немесе тиісінше жүзеге асырылмағаны үшін, оның ішінде үшінші тұлғалардың Электронды ақша жүйесіне санкцияланбаған қол жеткізгені, Электронды ақшаны Электронды әмияндарға есепке алу бойынша тиісінше емес немесе қате операциялар, Электрондық ақшамен операциялар үшін, Абоненттің қате операцияларды жүзеге асырғаны, Абоненттің өзінің сәйкестендіру/аутентификациялық деректерін жоғалтқаны немесе жария еткені немесе жоғалтқаны (Абоненттің иелігінен шыққаны), сондай-ақ оларға үшінші тұлғалардың қол жеткізуін бергені үшін жауапты емес. Абоненттік құрылғыны және/немесе SIM-картаны немесе Жеткізушінің міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы үшін жауапты емес.

12.8. Тиісті Қызметтер шеңберінде Абонентке Электрондық ақша ұсынылған жағдайда, Абонент қолданылған Электрондық ақшаның номиналды сомасын сол қызметтің шарттарымен белгіленген мерзімде қайтаруға міндеттенеді. Қайтару міндеттемесін орындамау Оператордың Қызметтерге қолжетімділікті берешек толық өтелгенге дейін тоқтата тұруына себеп болуы мүмкін.

13. Абоненттің Электрондық әмиянды толықтыру және Электрондық ақшамен операцияларды жүзеге асыру туралы Нұсқау беру тәртібі.

13.1. Электронды әмиянды толықтыру және Электронды ақшамен операцияларды жүзеге асыру мақсатында Абонент бір мезгілде Оператор үшін жоспарланған Электронды ақшамен операция сомасына Электронды әмиянды толықтыру туралы тапсырма және Электронды ақша жүйесінің операторы үшін Абонент өз нұсқауында айқындаған Электронды ақшамен операция жасау туралы тапсырма болып табылатын Нұсқауды ұсынады.

13.2. Абоненттің Нұсқауында мынадай деректер болуы тиіс: Абоненттік нөмір, төлем сомасы, төлемді жүзеге асыру нысанындағы өрістерге сәйкес талап етілетін деректемелер (дербес шоттың нөмірі, Жеткізушінің талаптарына байланысты өзге де деректемелер). Төлемді

www.money.beeline.kz web-сайты арқылы жүзеге асырған жағдайда Абонент сондай-ақ sms-хабарлама арқылы Абонентке жолданатын валидация кодын енгізеді.

13.3. Абоненттің Электронды әмиянды толықтыру туралы Операторға және Электронды ақша жүйесінің операторына Электронды ақшамен операцияларды жүзеге асыру туралы Нұсқауын Абонент электронды түрде мынадай тәсілдердің бірімен қалыптастырады:

- абоненттің “Beeline мобильді қаржы сервистері” Жеке кабинетінде, www.beeline.kz Web –сайтында жарияланған нұсқаулыққа сүйене отырып немесе мобильді қосымшада не нұсқауды ресімдеу үшін Оператор айқындайтын басқа да көздерде;

- Абоненттің Абоненттік құрылғысында орнатылған Оператордың мамандандырылған бағдарламалық жасақтамасында жарияланған нұсқауларды орындай отырып;

- 2020, 2010, 902045, 2505, 7757, 9909 нөмірлеріне немесе Электрондық ақша жүйесі операторының немесе Оператордың жарнамалық материалдарында және коммуникацияларында көрсетілген өзге де нөмірге SMS/USSD-хабарламаларды жіберу арқылы;

- Simply/Симпли картасын пайдалану арқылы. Бұл ретте, Абонент Simply/Симпли Картасы бойынша операцияларды және шығындарды, берешекті өтеуге ақша жетпеген жағдайда Simply/Симпли Картасы бойынша төлемдерді/аударымдарды аяқтау үшін өзінің абоненттік нөмірдің дербес шотын Электронды әмиянға байланыстыра алады. Мұндай жағдайда, Абонент төлемді және/немесе аударымды бастамалай отырып, сервис қолжетімді болғанда Операторға Абоненттік нөмірдің Дербес шотынан Электрондық әмиянға аванс берілген ақшалай қаражатын төлем және/немесе аударым толық аяқталғанға дейін Электрондық әмиянды толықтыру үшін операцияларды жүргізуге ақша жетпеген жағдайда, Электрондық ақшаны сатып алу және Simply/Симпли Картасы бойынша операцияларды орындауға байланысты шығыстар мен берешекті жабу арқылы қайтаруға нұсқау береді. Картаны Абоненттік нөмірдің Дербес шотына байланыстыруды өшірген кезде Электрондық ақшамен операциялар Электрондық әмияндағы ақша қалдығы шегінде жүргізіледі;

- Электрондық ақшамен төлемдер/аударымдар жасау үшін Абоненттік нөмірді байланыстыру арқылы. Мұндай жағдайда Абонент әр кезде төлемді және/немесе аударымды бастамалай отырып, осылайша Нұсқау жібереді. Абоненттік нөмірді байланыстыру ажыратылған жағдайда, Электрондық ақшамен операциялар Электрондық әмияндағы ақша қалдығы шегінде жүргізіледі.

- Оператор айқындаған өзге де тәсілдермен жүзеге асырылады. Нұсқауды ұсыну тәсілдерін Оператор бір жақты тәртіппен өзгертуі және/немесе толтыруы мүмкін.

13.4. Абонент осы Қағидаларға қосыла отырып, Операторға Beeline Мобильді қаржылық сервисімен байланысты Simply/Симпли Картасын пайдалану арқылы жасалған операциялар бойынша Банк алдындағы берешекті өтеу мақсатында Абоненттің Дербес шотында есепке алынған ақша қаражатын есептен шығару бойынша сөзсіз келісімін береді және қайтарымсыз нұсқау береді. Мұндай қаражатты есептен шығару Абонент бастамашы болған төлем немесе аударым жасау сәтінде де, сондай-ақ бұрын туындаған берешекті өтеу мақсатында да жүзеге асырылуы мүмкін. Оператор ақша қаражатын есептен шығаруды Банктің жүгінуі бойынша және Банк айқындаған берешек сомасы шегінде жүргізеді. Осы келісім Абонент Beeline Мобильді қаржылық сервисін және Simply/Симпли Картасын пайдаланған толық мерзімі ішінде жарамды және берешекті толық өтемегенше кері қайтарылмайды.

14. Басқа шарттар.

14.1. Абоненттің Электронды ақшаны сатып алғанын және Электронды ақшамен операция жасалғанын растайтын құжатты беру Оператор айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

14.2. Электронды ақшаны пайдалану операциялары бойынша, сондай-ақ пайдаланушы қосымшасы арқылы парольді қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда, парольді қалпына келтіру мәселелері бойынша үзінді көшірмелерді немесе анықтамаларды алу үшін, қаражатты дұрыс есептемеуге және/немесе есептен шығаруға, сондай-ақ электрондық ақшаны шығаруға, өткізуге және өтеуге байланысты даулы жағдайлар мәселелері бойынша қалалық телефоннан – 0611, қалалық телефоннан – +7 (727)3500500 тегін телефондарға немесе infodesk@beeline.kz электрондық пошта мекенжайы бойынша жүгіну қажет.

14.3. Қызмет көрсету (Банк, Аударым операцияларын жүзеге асыратын ұйымдар комиссияларының және Электрондық ақша жүйесі операторының сыйақы мөлшерлерін қоса

алғанда), электрондық төлем құралын пайдалану шарттары, Эмитент, Электрондық ақша жүйесінің операторы және Аударым операцияларын жүзеге асыратын ұйым туралы ақпарат Электрондық ақша жүйесі операторларының сайттарында жарияланады. Абонент Оператордың Ақпараттық жүйесін пайдалану басталғанға дейін және Beeline мобильді қаржы сервисін алғанға дейін осы ақпаратпен танысуға міндетті.

14.4. Егер Абоненттің Электрондық әмияны күнтізбелік 3 (үш) ай бойы белсенді болмаған жағдайда, Электрондық ақша жүйесінің операторы Электрондық әмиянды бұғаттау құқығын өзіне қалдырады, бұл ретте, егер Оператордың Абоненті Электрондық әмиянды бұғаттау режимінен шығарғысы келсе, Абонент осы келісімнің шарттарына сәйкес тіркелу рәсімінен қайтадан өтуі қажет.

14.5. Beeline-ның мобильді қаржы сервисі серіктес ретінде басқа Жеткізушілер мен Эмитенттерді тарту немесе өзге де өзгерістер енгізу арқылы кеңейтілуі немесе өзгертілуі мүмкін. Бұл туралы ақпарат <http://www.beeline.kz> сайтының тиісті бөлімінде немесе Электрондық ақша жүйесі операторының www.wooppay.com немесе www.kempray.kz сайтында жарияланатын болады.

14.6. Абонент Операторға жазбаша өтініш беру арқылы Мобильді қаржы сервисі қызметтерінен бас тартуға құқылы.

14.7. Осы Қағидаларға қосыла отырып, Абонент Оператордан SMS-хабарламалар мен мекенжайын Абонент тіркелу процесінде көрсеткен электрондық поштаға Beeline мобильді қаржы сервисі туралы хабарламалар алуға келіседі.

14.8. Beeline-ның мобильді қаржы сервисі мәселелері бойынша абоненттерге кеңес беру ұялы телефоннан – 0611колл-орталыққа, қалалық телефоннан +7 (727)3500500 нөміріне тегін қоңырау шалу арқылы немесе infodesk@beeline.kz мекенжайы бойынша электрондық пошта арқылы жүзеге асырылады.

14.9. Simply мәселелері бойынша абоненттерге кеңес беру Simply мобильді қосымшасында клиенттерді қолдаудың онлайн-чатында жүзеге асырылады.

14.10. Осы Қағидалар және оның барлық қосымшасы жария офферта болып табылады және Оператордың Сайтында жарияланады.

14.11. Осы Қағидалар Жария Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Осы Қағидалармен реттелмеген Тараптардың барлық құқықтық қатынастары Жария Шарттың ережелерімен реттеледі.

15. Қоданулы мерзімі.

15.1. Осы Қағидалар Жария Шарттың бүкіл қолданылу кезеңінде қолданылады.

15.2. Осы Қағидалардың қолданысы олардың қолданысын Оператор тоқтатқан (күшін жойған) жағдайда немесе Жария шарттың қолданысы тоқтатылуына байланысты тоқтатылады.

ӘДІЛ ПАЙДАЛАНУ САЯСАТЫ

1. Оператор барлық Абонентті ең үздік сападағы қызметтермен қамтамасыз етуге және оларды ақпаратпен еркін алмасу мүмкіндігімен қамтамасыз етуге ұмтылады, осыған байланысты байланыс қызметтерін әділ пайдалану бөлігінде мынадай ережелерді қолданады, ал Абонент олардың орындалуын қамтамасыз етеді.

2. Тарифтік жоспарлар мен Қызметтер бойынша дауыстық байланыс қызметтері жеке тұлғалар арасындағы “тірі” диалогқа арналған және егер Оператор мен Абонент арасында жазбаша нысанда өзгеше арнайы айтылмаса, тек жеке мақсаттарда пайдалану үшін ұсынылады. Бұл ретте Абоненттер мен пайдаланушылар осындай жүйелерді адал пайдалану үшін қажетті уақыт ішінде жеке тұлғалар арасындағы “жанды қарым-қатынасты” көздемейтін автоматты қызмет көрсету жүйелерін пайдалана алады.

3. Тарифтік жоспарлар мен Қызметтер бойынша дауыстық байланыс қызметтерін, оның ішінде лимитсіз дауыстық қызметтерді үздіксіз және (немесе) тым жиі пайдалану, сондай-ақ конференция қызметтерін шамадан тыс пайдалану, қоңырауды ұстап қалу және (немесе) қоңырауларды бағыттау арқылы байланыс қызметтерін теріс пайдалану Оператордың ұялы байланыс желісінің жұмысына және (немесе) серіктестердің желісінің және (немесе) жабдықтарының жұмысына теріс әсер етуі, сондай-ақ басқа Абоненттердің жеткілікті сапалы қызметтер алу мүмкіндігін шектеуі, осыған байланысты мұндай әрекеттер осы Шартты бұзу болып табылады. Лимитсіз дауыстық қызметтерге лимитсіз дауыстық қосылулардың өзін көздейтін қызметтер мен тарифтік жоспарлардан басқа, Оператордың желісі ішінде және (немесе) басқа да байланыс операторларының желісінде қосымша ақысыз 200 минуттан астам тұтынуға жол беретін трафик қосылған қызметтер пакеттерін ұсынатын тарифтік жоспарлар мен қызметтер (Бұдан әрі – “**Лимитсіз дауыстық қызметтер**”) теңестіріледі.

4. Лимитсіз дауыстық қызметтерді пайдалануды бұзу деп келесілер түсініледі, оның ішінде:

а) Абоненттер мен Оператордың пайдаланушыларының дауыстық қызметтерді орташа статистикалық тәуліктік тұтынуынан едәуір асатын тәуліктік көлемдерде пайдалануы;

б) ұзақтығы аномалды, оның ішінде әртүрлі абоненттік нөмірлерге көптеген қысқа қоңыраулар немесе ұзақтықтағы аномалды бірнеше шығыс қосылыстар, ал дауыстық қосылыстар ұзақтығының жалпы шектеулері болған кезде – максималды ұзақтыққа жақын ұзақтығы бар шығыс дауыстық қосылыстар жасау;

в) Автоматты қызмет көрсету жүйелерімен осындай жүйелерді адал пайдалану үшін қажетті уақыт ішінде өзара іс-қимылды қоспағанда, екі немесе одан да көп жеке тұлғалар арасындағы жанды қарым-қатынас болып табылмайтын әртүрлі трансляцияларды, мониторингті, жазылған материалдарды немесе өзге де дауыстық қосылыстарды беру үшін байланыстың дауыстық қызметтерін пайдалану.

5. Конференция қызметтерін пайдалана отырып қоңырауды ұстап қалу және (немесе) қоңырауларды бағыттаумен дауыстық байланыс қызметтерін асыра пайдалану деп, оның ішінде:

а) абоненттерді осындай қызметтерге қажетті уақыттан артық және кез келген жағдайда 10 минуттан артық ұстау Қызметтерін жиі пайдалану;

б) аталған Қызметтерді табыс табу немесе Абоненттерді, байланыс қызметінің өзге де пайдаланушыларын жаңылыстыру, сондай-ақ шектеулерді айналып өту немесе автоматты жүйелерді алдау мақсатында пайдалану;

в) Оператормен алдын ала жазбаша келісімсіз көрсетілген қызметтерді тұрақты немесе ұзақ негізде пайдалану түсініледі.

6. Егер Оператор мен Абонент арасында өзгешесі жазбаша ескертілмесе, деректерді беру қызметтері барлық Тарифтік жоспарлар мен Қызметтер шеңберінде жеке пайдалану үшін ұсынылады. Бұл ретте Тарифтік жоспарлар мен Қызметтер шеңберінде деректерді беру жылдамдығын төмендетуді көздейтін және (немесе) пайдаланудың белгілі бір түрлерін (мысалы,

P2P (торрент) желілерінде және қосымшаларында файлдарды жүктеу/тарату, VoIP/SIP-қызметтерін пайдалану, бейнелерді қарау және т.б.) тұрақты негізде немесе уақытша негізде, мысалы, белгілі бір шектен өткеннен кейін шектейтін деректерді берудің лимитсіз қызметтері ұсынылуы мүмкін. Мұндай шектеу шаралары Оператордың желісіне жоғары және/немесе ұзақ жүктеме түсіру кезінде барлық Абоненттерді және пайдаланушыларды тиісті сападағы қызметтермен қамтамасыз ету мақсатында әділ пайдалану саясаты шеңберінде қажет.

Жылдамдықтың төмендеуі келесі жағдайларда орын алуы мүмкін:

а) ең жоғары жүктеме сағаттарында желіні шамадан жүктеу кезінде барлық Абонент пен пайдаланушы үшін;

б) жекелеген Абоненттер мен пайдаланушылар орташа статистикалық көрсеткіштерден айтарлықтай асатын трафик көлемін тұтынған кезде.

Жылдамдықты төмендету Оператордың желісіне жүктемені біркелкі бөлуге мүмкіндік береді, себебі әр базалық станцияның өткізу қабілеті бекітілген. Сонымен қатар, Оператор әлеуметтік желілерді, мессенджерлерді ыңғайлы пайдалану, поштаны тексеру және бейнелерді қолайлы сапада көру үшін жылдамдықты сақтауға тырысады.

Абоненттер мен пайдаланушылардың деректерді беру қызметтерін асыра пайдалануы, қызметтерді адал алу мақсатынсыз трафикті тұтыну, сондай-ақ Абоненттің Шарттың 4.3-тармағына сәйкес тыйым салынған әрекеттерді жүзеге асыруы Әділ пайдалану саясатын бұзу ретінде қарастырылады.

7. Шарт жасасу кезінде Оператор Абонентке қызметтерді алу мақсатында Абоненттік нөмір береді. Қызметтерді адал алу, оның ішінде жеке, отбасылық және өзге де осындай пайдалану мақсаттары үшін Абонентке (жеке тұлғаға) Абоненттік нөмірлердің шексіз саны талап етілмейтінін ескере отырып, Оператор Абонентке (жеке тұлғаға) Абоненттік нөмірлердің саны 10-нан асатын мөлшерде Абоненттік нөмірлерді беруден (тіркеуден) бас тартуға құқылы. Көрсетілген шара нәтижесінде Операторға да, адал Абоненттерге де залал келтірілетін Абоненттік нөмірлерді пайдалана отырып, заңсыз әрекеттердің алдын алуға бағытталған.

8. Оператордың қызметтерін пайдалану Әділ пайдалану қағидаттарына сүйене отырып жүзеге асырылуы тиіс. Оператор Абонент қызметтерді әділ алу мақсатынсыз жасайтын әрекеттерді анықтаған кезде, мысалы, қызметтерді және/немесе Тарифтік жоспарларды мақсатсыз пайдалану, жеке, отбасылық немесе соған ұқсас мақсаттарда пайдалануға арналған Қызметтерді қайта сату және/немесе оларды коммерциялық мақсатта өзге түрде пайдалану, негізделген қажеттіліксіз бір тарифтік жоспарды тәулігіне бес реттен артық ауыстыру, басқа Абоненттердің Қызметтерді пайдалануына кедергі келтіретін қоңырауларды қайта бағыттау, Шарттың 4.3-тармағында тыйым салынған әрекеттерді Абоненттің жасауы, сондай-ақ Оператордың байланыс желілеріндегі ресурстар мен қызметтерді заңсыз пайдалануына байланысты және/немесе желі жұмысына теріс әсер ететін өзге де әрекеттер кезінде Оператор қызметтерді толық не ішінара тоқтата тұруға, сервистерді пайдалануды шектеуге не Шартта көзделген тәртіппен Шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

САНКЦИЯЛЫҚ ЕСКЕРТПЕ

1. Осы №3 Қосымшада (бұдан әрі мәтін бойынша – Қосымша) мына негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) **Санкциялар/экспортты бақылау шаралары туралы қолданылатын заңнама** – Санкциялар (оның ішінде секторалды санкцияға түсетін Бұғатталған тұлғалар мен Субъектілерге қарсы) мен Экспортты бақылау.

2) **Санкциялар** - тиісті юрисдикцияның мемлекеттік органдары (бірлесе отырып, «Мемлекеттік құрылымдар») салған, белгілеген немесе орындайтын экономикалық немесе қаржылық санкциялар немесе сауда эмбаргосы.

3) **Бұғатталған тұлға** - кез келген уақытта (а) мүлкі немесе мүлікке құқығы кез келген Санкциялармен бұғатталған (b) Санкциялар бойынша активтерді бұғаттау объектісі ретінде белгіленген, (с) тиісті Санкциялар бойынша жұмыс істеуге тыйым салынған немесе Экспортты бақылау шаралары немесе (d) кез келген осындай тұлғаға тиесілі немесе бақыланатын кез келген тұлға.

4) **Секторалды санкцияларға түсетін субъект** - кез келген уақытта Үкіметтік органдармен қолданылатын немесе орындалатын секторалды санкциялар салынатын кез келген тұлға.

5) **Экспортты бақылау** – импортты, экспортты, қайта экспорттауды, трансферді, беруді, шығаруды, жөнелтуді, беруді немесе кез келген ұсынуды немесе тауарларды, технологияларды, техникалық деректерді, бағдарламалық қамтамасыз етуді немесе қызметтерді алуды реттеуге қатысты заңдар немесе ережелер, сондай-ақ кез келген заңдар немесе Үкіметтік органдармен қолданылатын және қолданысқа енгізілетін ұқсас сипаттағы құқықтық актілер.

6) **Үлестес тұлғалар** – Абонентті немесе сол меншік иесін бақылайтын немесе бақылауындағы кез келген меншік иесі, лауазымды тұлға, директор, серіктес, менеджер, қызметкер, кез келген заңды тұлға; немесе Абоненттің агенттері.

2. Оператордың алдын ала жазбаша келісімінсіз Абонент Шарттың барлық немесе бір бөлігінің құқықтарын немесе артықшылықтарын үшінші тұлғаларға бермей, беруге немесе өзге түрде бермейді. Оператор кез келген ықтимал мұрагерге тиісті тексеру жүргізуге құқылы және Абонент бұл процесте Оператормен ынтымақтасуға міндетті.

3. Абонент Қолданыстағы Санкциялар/Экспорттық бақылау шаралары туралы қолданылатын заңнамаларды сақтауға келіседі. Жоғарыда айтылғандармен шектемей, Абонент мыналарды ұсынады, кепілдік береді және міндеттенеді:

1) Абонент те, оның лауазымды тұлғалары да, директорлары да немесе акционерлері де, сондай-ақ Абоненттің мәліметтері бойынша оның агенттері, жұмыскерлері немесе басқа үлестес тұлғалары тиісті санкциялар немесе экспортты бақылау шараларымен тыйым салынған Бұғатталған тұлға немесе Секторалды санкцияларға ұшыраған Субъект болып табылмайды.

2) Оператормен немесе осы Келісімге қатысты кез келген әрекеттерге байланысты Абонент кез келген Санкцияларды немесе Экспорттық бақылау талаптарын бұзу мақсатында қандай да бір өнімді, жабдықты, технологияларды немесе бағдарламалық қамтамасыз етуді экспорттауға, қайта экспорттауға, жөнелтуге, сатуға, жеткізуге, әкелуге немесе кез келген елге, елден немесе кез келген ел немесе тұлға арқылы тікелей немесе жанама түрде тұлға арқылы немесе басқа жолмен бермеуге тиіс.

4. Абоненттің шартты орындауы оператордың қандай да бір қолданылатын санкциялар мен экспорттық бақылау шараларын бұзуына әкеп соқпайды.

5. Абонент кез келген күдікті немесе расталған бұзушылықтар немесе Оператор алдындағы шарттық міндеттемелерді орындамау мәселелері туралы Операторға дереу хабарлуға міндетті.

6. Оператор құқылы:

1) Абоненттің Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына дербес немесе уәкілетті өкіл арқылы мониторинг жүргізуге, сондай-ақ Абонентті тиісті тексеруді (Due diligence) жүргізуге міндетті. Абонент тиісті тексеруді қарау, ұзарту немесе мерзімді жаңарту мәселелерінде толық

көлемде және адал ниетпен ынтымақтасуға тиіс. Тиісті тексеру жөніндегі қорытындының негізінде Оператордың Шартты дереу бұзуға немесе шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқығы бар.

2) Абоненттің немесе оның үлестес тұлғаларының осы Қосымшаның 2-5-тармақтарында және Санкциялар/экспорттық бақылау шаралары туралы қолданыстағы заңнамада көзделген талаптарды сақтауын тексеру үшін сауалнамалар мен аудиттер (тікелей немесе Оператор тарапынан тартылған тәуелсіз үшінші тұлғалар арқылы өз қалауы бойынша) жүргізуге. Мұндай сауалнамалар мен аудиттер көлемі, орналасқан жері, күні мен уақыты бойынша ақылға қонымды болады. Абонент, оның Үлестес тұлғалары немесе Оператор атынан әрекет ететін үшінші тұлғалар осындай сауалнама немесе аудитте толық және адал ынтымақтасуы керек.

3) Оператор Абонент немесе оның үлестес тұлғалары осы Қосымшаның 2-5 тармақтарының кез келген шартын бұзды немесе бұзуы мүмкін деп негізді түрде есептеген жағдайда, Оператор Абонентке қызмет көрсетуді Оператор қажетті аудитті жүзеге асыратын, ақылға қонымды мерзімге дереу тоқтатуға құқылы.

7. Оператордың негізделген пікірі бойынша оператор үшін қолайсыз салдарға әкеп соғуы мүмкін шартта немесе қосымшада баяндалған куәліктердің және / немесе міндеттемелердің кез келгенін сақтамау, сондай-ақ абонентке, оның лауазымды адамдарына, басшыларына, акционерлеріне, үлестес тұлғаларына Санкциялар мен экспорттық бақылау шараларын қолдану, оларды бұғатталған тұлға немесе субъект келіп түскен деп тану секторлық санкцияларға немесе қолданыстағы Санкциялар/ экспорттық бақылау шаралары туралы заңнамаға өзгерістер енгізу, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты Санкциялар/ экспорттық бақылау шаралары туралы қолданыстағы заңнаманы кеңейту немесе басқаша түрде қолдану аясын өзгерту операторға қызмет көрсетуден біржақты тәртіппен дереу бас тартуға және Шартта көрсетілген қандай да бір міндеттемелерсіз Шарттың қолданылуын тоқтатуға құқық беретін елеулі бұзушылық ретінде қарастырылуы мүмкін.

8. Абонент Операторды және оның өкілдерін кез келген жауапкершіліктен толығымен босатуға және Абоненттің Қолданыстағы Заңның кез келген талаптарын бұзуын немесе болжамды бұзуын қоса алғанда, осы Қосымшаның 2-5-тармақтарын сақтамауынан туындайтын кез келген шығындар, ұсталымдар, ысырап, міндеттемелер, айыппұлдар, өсімпұлдар және/немесе шығыстар (соның ішінде адвокаттық комиссиялар мен комиссиялар) бойынша өтеуге кепілдік беруге келіседі.